

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Костанайская область

Абатқызы Балсая	2
Адилова Ақниет	5
Амонова Гүлзамира.....	7
Байдильдинова Аружан	10
Бейсенбаева Мадина	11
Біржан Азат	15
Бустекбаева Аружан	19
Есенгелді Ерік.....	22
Жанайдарова Раушан.....	27
Жанайдарова Раушан.....	30
Жумабеков Данияр	33
Қасым Таңшолпан	35
Қасымқан Қуандық.....	39
Мақсұтбек Әйгерім.....	43
Мурзабаева Сабира.....	47
Назарова Дарина	49
Назарханов Мейірімхан	51
Нургазина Анеля	54
Сакенова Сабина.....	57
Салауатов Ербол	59
Салменова Мараш	61
Сапарова Аймекен.....	63
Төлебай Мадина.....	65
Тұрмағанбетова Гаухар	67
Умиртай Жасулан	70
Шериева Жұлдызай.....	74

Абатқызы Балсая

8 сынып, «Қаратүбек орта мектебі»ММ
Қостанай облысы, Жангелдин ауданы,
Жетекшісі: Төлеубаева Күнімжан Бестаубайқызы

Ерлік жыры – елдіктің ескерткіші

Ешкім де ұмытылмайды,
еш нәрсе де ұмыт қалмайды

XX ғасырдың аса маңызды, орасан зор тарихи мағынасы бар оқиғасы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістен бізді 71 жылдан астам уақыт бөліп тұр. Әлемнің мемлекеттері мен халықтары фашизмнің құлшылығынан миллиондаған адамдардың бейнеті мен құрбандылығы арқасында сақталып қалыпты. Оларды теңеуі жоқ ерліктерінің ұлылығы алдында біз бүгін басымызды иеміз.

1941 жыл 22 маусым. Қанқұйлы фашизмнің қара бұлттай қаптаған қолы ССРО-ға тажалдай төніп, тұтқиылдан тап берді. Бейғам, мамыражай тірлік кілт үзілді. Қазақстанның 1 миллион 200 мыңға жуық ұл-қызы Совет Армиясында шайқасты. Қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігі мен тапқырлығы, жауынан тайсалмайтындығы мен сұстылығы достарымызды сүйсіндіріп, дұшпандарымызды күйіндірді, қазақтар шын мәнінде жаратылысы батыр, ерлік дәстүрі қалыптасқан ержүрек халық екенін дәлелдей білді. Қазақстандық жауынгерлердің осы жеңіске жету жолындағы үлесі орасан зор. Мыңдағандары өшпес даңққа бөленді, олардың есімдері тарих бетінде алтын әріппен жазылды.

Табаны күректей төрт жыл бойы ғаламат күш қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған Совет Одағы фашистік Германияның қуатты әскери машинасын тас-талқан етті. Төрт жыл бойы соғыс қырғыны жауынгерлердің қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалар мен ауыл, селоларға «қара қағаз» болып жетіп, жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат.

«Ерлік – елдіктің ескерткіші» деген дана халқымыз. Сұрапыл отты жылдары кеуделерін отқа тосып, бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін деп ұрандаған бар адамға «Жеңіс» деген сөз күш-қуат берді. Отан үшін, ел үшін, жер үшін аянбаған аға-әпкелеріміз қаншама?! Олар: Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Рақымжан Қошқарбаев т.б. көптеген батырларымыз өз ерліктерімен көзге түсті.

Қоғамымызда қалыптасқан бейбіт өмірімізді достық пен ынтымақтықты қолдап-сүйетін, осы күнге дейін сапта жүрген ардагерлерімізге біздің қуанышымыз шексіз. Ардагерлеріміз қандай да болмасын қадір-құрметке, сыйға лайық. Осы күнге дейін жеткендердің көбі бүгін біздің арамызда жоқ.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жылдар ешкімді де аямайды, өткендегі бастан кешкеннің бәріде белгісін беруде – соғыстағы жаралары мен кейінгі аурулары енді азаптауда. Ал енді бізбен қатар жүргендер – әлі де бәрімізге үлгі боларлықтай. Отан алдындағы жан қиярлық ерлігі кейін аянбас еңбекке айналды, бар тәжірибесін, күш-жігерін, іскерлігін олар халық шаруашылығын қалпына келтіруге жұмылдырды. Олардың рмырауларында әскери сыйлықтармен қатар еңбекті табыстары үшін алынған белгілері орын алды.

Соғысты көрмеген бүгінгі күннің ұрпағы Ұлы Отан соғысындағы жеңісті сомдаған майдангерлерімізге әрқашан шексіз риза. Өткен жылдардың белесінен қарағанда, елімізге осы жеңістің қаншалықты орасан зор бағаға келгенін біз бүгін бұрынғыдан да терең ұғынамыз. Ұлы Отан соғысының барлық ардагерлерінің алдында біз басымызды иеміз. Олардың майдандағы және бейбіт еңбектегі орасан зор ерлігі үшін шексіз алғысымызды білдіреміз.

Ардагерлеріміздің ұлы ерлігінің еш өлшемі жоқ және ол еш нәрсемен өтелмейді. Ардақты қарияларымыздың әрқайсысы даналықтың сарқылмас, сарғаймас көзі, мәңгі өшпес тарихы. Олар біздің сый-құрметімізге лайық, олардың бәрі 1945 жылдың жеңісті мамырынан.

Жер-дүниені дүр сілкіткен сұрапыл соғыс өртінің сөнгеніне биыл 71 жыл, ал бастауына 75 жыл толып отыр. 9 мамыр - Жеңіс күні тойланғанымен, оның салмағы ауыр. Соғыс адамзат жүрегіне өшпес жара салды. Елімізге зор ауыртпалықтар әкелген соғыстың зардабы тимеген бірде бір шаңырақ жоқ десе де болады. Қан майданда қазақ халқы талай боздақтарынан айырылды. Өкелеріміз бен ағаларымыз толарсақтан саз кешіп, жанкешті қаһармандығымен басқа ұлттардың алдында өздерінің ерлігін көрсете білді. Ерлік ешқашан ұмытылмайды және ұмытта қалмайды.

1941-1945 жылдардағы соғыстың ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын бізден алыстап тарихқа кетіп барады. Бірақ сол бір естен кетпес жылдар бізден неғұрлым алыстаған сайын, соғыс салған жара неғұрлым жазылған сайын Совет халқының ғажайып ерлігі соғұрлым аса ұлы болып көрінеді. Халықтарды езіп-жаншудан өз қанын төгумен аман сақтап қалғандарды, дүниежүзілік өркениетті қорғап қалғандарды адамзат баласы ешқашан ұмытпақ емес. Соғыс жалыны басылғанына 71 жыл өтіп кетсе де лебі әлі сезіледі. Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшіліктің бағасын ұқтырады. Қасіретті жылдар бізден алыстаған сайын қан майданға қатысып, қанын төккен аяулы ата-әпкелеріміздің есімдері тарих төрінде айшықтала түсуде. Олар бізге соншалықты қымбатқа түскен Жеңістің қадірін ұғындырады. Миллиондаған адамның өмірімен қолымызға тиген 1945 жылғы Жеңіс күні бізге қымбат!

Соғыс кезіндегі Совет адамдарының сан қилы ерліктері – жас жүректерді шындайтын қызулы көрік. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің, батылдық пен батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

соңғы келер буындар үшін де мектеп. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие мәңгілік тағзым етеміз!

Адилова Ақниет

5- сынып, №1 орта мектебі,
Қостанай облысы, Таран ауданы.
Жетекшісі: Қабылдина Мақпал Досымбайқызы

Ұлы Отан соғысына 71 жыл

Ұлы кешке сенген күн,
Фашистерді жеңген күн.
Ағаларға ерген күн,
Бақыт гүлін терген күн.
Қадыр Мырза Али

Ұлы отан соғысы... Не деген ауыр сөз. Осы сөзден біздің ата-бабаларымыздың қандай ерлікпен қаза болғанын көреміз. Олар елі үшін, жері үшін жан аянбай күрескен.

Фашистік Германия мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы жиырма екінші маусымда жарияламастан, тұтқиылдан КСРО - ға шабуыл жасады. Сол кезеңнен бастап Ұлы Отан соғысы басталды. Ұлы Отан соғысы төрт жылға созылды. Бұл соғысқа алты жүз мыңнан астамы қазақ батырлары болатын. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап – ақ жауға тойтарыс беру үшін зор үлесін қосты. Соғыс жылдарында республикамызда ондаған әскери құрама жасақталды. Атқыштар, атты әскерлер қанды майданда жанқиярлық ерліктің үлесін көрсете білді. Бес жүздей Қазақстандық ерен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғары атаққа ие болды. Осы соғысқа қатысқан үлгі тұтарлық батыр қыздарымыз да бар. Олар: Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова.

Мәншүк Мәметова мың тоғыз жүз жиырма үшінші жылы дүниеге келіп, мың тоғыз жүз қырық үшінші жылы дүниеден өткен. Ұлы Отан соғысы басталғанда Алматы медицинасында оқып жүретін. Ол бір мың тоғыз жүз қырық екінші жылы майданға өз еркімен аттанды.

Мәншүк Мәметова аға сержант, ержүрек пулемётші қыз болған. Ол мың тоғыз жүз қырық үшінші жылы он бесінші маусымда Невель қаласы түбінде болған шайқаста қаза табады.

Әлия Молдағұлова мың тоғыз жүз жиырма төртінші жылы туылып, мың тоғыз жүз қырық төртінші жылы қайтыс болды. Батыр апамыз майданға мың тоғыз жүз қырық екінші жылы өз еркімен аттанады. Ол мергендер мектебін үздік бітірген. Ол атқыштар бригадасында болып, мергендігімен көзге түскен. Мың тоғыз жүз қырық төртінші жылы Новоскольникови стансасы маңындағы шайқаста қазақтың батыр қызы ерлікпен қаза табады. Бір қызық дерек, осы батыр қыздарымыз көрші болған. Олар жастайынан бір – бірін таныған. Соғысқа батыр ағаларымызда қатысқан. Олар: Талғат Бигелдинов, Беда

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Леонид Игнатьевич, Луганский Сергей Данилович, Павлов Иван Фашл, Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Сұлтан Баймағанбетов.

Бауыржан Момышұлы мың тоғыз жүз оныншы жылы туылған, мың тоғыз жүз сексен екінші жылы қайтыс болған. Бауыржан Момышұлы – ержүрек қолбасшы, әскери қайраткер, жазушы, Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы.

Біз осындай ержүрек аға – апаларымыз болғанына қуанамыз. Тек осы кісілердің арқасында біз мың тоғыз жүз қырық бесінші жылы тоғызыншы мамырда жеңіске жеттік. Ал, биыл Ұлы Отан соғысына жетпіс бір жыл толып отыр. Біз соғыстан аман қалған ардагерлерімізді қадірлейміз. Сондықтанда әр жылы, әр қалада, әр облыста, әр ауданда тоғызыншы мамыр – Жеңіс күні атап өтіледі. Және осы Ұлы Отан соғысы туралы Бауыржан Момышұлы айтып кеткен сөзі қатты ұнады. Ол: ардагерлерді құрметтеп, қадір тұту керек деген.

Елге қауіп төнбесін,
Егестен адам өлмесін!
Есен – аман болайық,
Енді соғыс болмасын!
Өртенбесін туған ел!
Шайқалмасын асқар бел!
Шайқалмасын шалқар көл!

Амонова Гулзамира

Б.Алтынсарин атындағы Рудный
элеуметтік-гуманитарлық колледж, 1 курс
Рудный қаласы, Қостанай облысы.
Жетекшісі: Сүйінкина Пиалаш Балтақызы

Жеңімпаз ұрпақ өнегесі-патриотизмнің қайнар көзі

Бүкіл адамзат тарихында мәңгі өшпейтін қасіретті беттер де орын алады. Солардың қатарында жиі еске алатынымыз-екінші дүниежүзілік соғыс.

Елбасы Н.Назарбаев ол туралы Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған салтанатты жиында былай деген екен: «Бұрынғы Кеңес Одағының халықтары үшін ол Ұлы Отан соғысы болды, өйткені Армия ғана емес, сонымен бірге бүкіл халық Отан қорғауға көтерілді»

Бақайшағына дейін тас түйін қаруланған жау елімізге кенеттен баса көктеп кіріп, соғыс ашқан 1941 жылғы 22 маусым мен біздің халқымыз үшін Жеңіс Туы желбіреген 1945 жылғы 9 мамыр мәңгі өшпес тарихи даталарға айналды. Миллиондаған жазықсыз жандардың өмірін жалмаған сол қанды қырғынның басталғанына биыл 75 жыл, ал аяқталғанына 71 жыл толады. Қасіретті болса да, тарихымыздың сол бір қаралы беті де ешқашан ұмытылмақ емес, себебі ол тәуелсіз Қазақстан тарихының бір бөлшегі болып қала бермек.

Бұл күндер қазақстандықтар жадында әр кез жаңғыра беретініне Нұрсұлтан Әбішұлының мына бір сөздері де айғақ: «Қазақстан біртұтас халықтар арасында Ұлы Отан соғысына қатысты. Сондықтан да соғыс пен ол туралы зерде-көпұлтты Қазақстанның жалпы тарихының бір бөлігі».

Ал, қасиетті тарихты білу, оны қастерлеу, өнеге тұту-азаматтық парыз, жаңа қазақстандық патриотизмнің маңызды құрауышы, ажырамас компоненті.

Қазақстан жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысында теңдессіз ерлікпен шайқасқанын білеміз. Олардың ерлігі - Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің, жастарды патриотизм рухында тәрбиелеудің тамаша өнегесі. Қазақ жерінен майданға аттанғандар арасынан 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды. Қас батырларды елге, әлемге танытуда қаламгерлер де көп еңбек сіңірді. Айталық, жазушы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы барша жер шарын шарлап кетті. Есімі аңызға айналған ұлт перзенті Бауыржан Момышұлы бұл жайында: «Ең алдымен сол кітап арқылы қазақ халқының ерлігі, оның бір ұлы - менің есімім Отанның іші, сыртына тегіс мәшһүр болды. Осы үшін оған мың мәртебе рахмет!» - деп айтқан екен.

Сол секілді екінші бур жазушы, Александр Кривицкий де ұлы ерлікті өнеге етіп, өзі де ерлікпен барабар әрекет жасады. Ел үшін еткен ерліктің бұл да бір түрі! Панфиловшы 28 батырдың атағын дүниежүзіне паш еткен А. Кривицкий «Москва түбегіндегі қарауыл» атты кітабының бір бетіне былай деп жазыпты: «Мен бақыттымын, маған тағдыр панфиловшылардың ерлігіне

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жақындауға, ұрыс картинасын қалпына келтіруге, батырлардың есімдерін тауып, олардың ерлігі туралы бірінші болып айтып беруге мүмкіндік берді. Адамдарды рухтандыратын бұл ерлік туралы бірінші болып айтып берушінің бақыты менің санамда өмірімнің соңғы минутына дейін сақталатынын мен білемін»

«Сол батырлардың жиырма екісі қазақстандық та, төртеуі - Нарсұтбай Есболатов, Мұстафа Сенгірбаев, Асқар Қожабергенов, Әлікбай Қосаев - қазақ қой! Халқымыздан шыққан Совет Одағының тұңғыш батырлары!» деп мақтанышпен айтқан Бауыржан Момышұлы туралы «Ақиқат пен аңыз» кітабын жазған қаламгер Әзілхан Нұршайықов екенін менің қазіргі құрдастарым біле ме екен?! Оқуға құлықсыздық басым болып тұрған заманда жастарды жеңімпаз ұрпақ өнегесі рухында тәрбиелеу тетіктерін тапқан абзал деп санаймын. Мәселен, «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында осы «Ақиқат пен аңыз» кітабын оқуды неге ұсынбасқа?! Осы кітап бойынша оқырмандар конференциясы жер-жерде өткізіліп жатса, жастар санасына қозғау салары анық. Себебі жеңімпаз ұрпақ өнегесі - патриотизмнің қайнар көзі.

Осы шығарманы жазуға түрткі болған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультеті, ЮНЕСКО кафедрасы, «Әріптес» қызметкерлерінің бастамасын елжандылыққа, қазақстандық патриотизмге баулудың көрінісі, шарапатты іс деп санаймын.

Таяуда қостанайлық қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі Сәлім Меңдібаевтың «Өшпес даңқ» кітабы жарық көрді. Кітаптың шығуына демеушілік көрсеткен - елімізге белгілі азамат, кәсіпкер Өмірзақ Ихтиляпов.

Қазақстандықтар елімізді кеудесімен жауып, дүниені фашизмнен сақтап қалған аға ұрпақтың ерлігін ешқашан ұмытпайды, жеңімпаз әкелердің жалғасы екенін әрдайым мақтан етеді. Неше сан ұрпақтар мақтан тұтар майдангерлер қатарында мыңдаған қостанайлықтар да бар. Сөз реті келіп тұрғанда айта кетейін, Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алғандар сапында Леонид Беда, Иван Павлов сынды жерлестеріміз де бар. Атаққа ілікпесе де, жаумен нағыз ерлерше шайқасқан қатардағы қарапайым жауынгерлер де халық жадында. Олай деуімізге себеп: журналист-жазушы Сәләм Меңдібаев қызмет істейтін «Қостанай таңы» газетіне Ұлы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеген өткен жылы облыс өңірінен екі жүзден аса хат түскен екен.

Автор өз қолынан өткен жүрек тебіренер, патриотизмге толы хаттарды шаң басқан архивтерге жібермей, оқырманға қайта ұсынуды жөн көріпті. «Бұлар-келер ұрпақ үшін де қажет дүние», - дейді «Өшпес даңқтың» авторы.

«Соғысқа қатысқан әр солдатты батыр деп бағалауымыз керек» деп, Баукең, Бауыржан Момышұлы айтқандай, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың әрқайсысына қатысты мәлімет, естелік атаулының бәрі де бізде үшін құнды, қастерлі. Оларды айту, жазу, насихаттау болашағымыз үшін қажет, неге десеңіз Қазақстан - Ұлы Дала елі - Мәңгілік ел болуға бет бұрды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Сондықтан ұрпақтар өнеге тұтатын Ерлік шежіресі де мәңгілік болуы тиіс, сонда ғана қазақстандықтар отаншыл, елжанды болуды шын жүрегімен қалап тұрады.

Қазақтардың батыр халық екенін өз көзімен көріп, мойындаған аса танымал тұлғалардың сөздерін келтірейік. Кеңес Одағының маршалы К.К.Рокоссовский: «Қазақ халқының даңқты ұлдары ұрыс даласында Отанға жақсы қызмет етті»десе, генерал-полковник П.Л.Романенко: «Қазақтар-кеңпейіл, ақжарқын, ержүрек, батыр халық. Жауынгерлерім тек қазақтардан құрылса, мен әрқашан риза болар едім» деп, бекер айтпаса керек.

Жүрек түкпірінен шыққан осынау шынайы сөздерді, ерлікті өнеге етуге үндейтін авторларды, олардың туындыларын шығарманың арқауы ете отырып, мен де ерлікті дәріптеуге тамшыдай болса да үлесімді қостым деп ойлаймын. Жеңімпаз ұрпақ өнегесінен нәр ала отырып, Мәңгілік ел болуға бет бұрған тәуелсіз Қазақстанымыздың ширек ғасыр тойын лайықты қарсы алуға, әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына қосылуға бар күш-жігерімізді жұмсауға әзірміз.

Байдильдинова Аружан

3 сынып, № 24 мектеп- гимназия,

Қостанай обл., Қостанай қ.

Жетекшісі: Догабаева Жангуль Таскалиевна

Ұлы Отан соғысы

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы Германияның Кеңес Одағына шабуыл жасауынан басталды. Ол кезде Кеңес халқының ойында соғысу болмаған еді. Кенеттен 1941 жылы таңғы сағат 4-тер шамасында фашистік Германия Кеңес үкіметіне аяқ астынан шабуыл жасады. Фашистік Германия басшылығында А.Гитлер үстемдік етті. Кеңес Одағының құрамында бірнеше мемлекеттер болды, соның ішінде қазіргі Қазақстан Республикасы да болған еді. Кеңес Одағының басшылығында И.Сталин болды. Кеңес әскерлері соғысқа дайындықсыз болса да, фашистік Германияға асқан ержүректілікпен қарсы шықты. Жасөспірімдерден бастап үлкен қарияларға дейін әскер қатарына алынды. Ержүрек батырлар қатарында Бауыржан Момышұлының еңбегі ерекше. «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - деп батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Б.Момышұлы қазақтардан құрылған 316 – атқыштар дивизиясының батальон командирі, батыр қолбасшысы болған.

Соғысқа тек қана ерлер ғана емес, жас қыз-келіншектерде аса ерлік көрсетіп, ерлермен бірдей шайқасты. Қазақ қыздарының ішінде ерекше батылдық көрсеткен Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлованы атап өтуге болады. Қазақтың қос жұлдызына көрсеткен ерліктері үшін Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Соғыс жылдарында ерлеріміз майданда жүргенде, әйелдер мен балалар тылда еңбек атқарды. Майданда жүрген кеңес әскерлеріне тамақ, киім-кешек жіберіліп отырды. Қазақ халқы басқа елдерге де көмек қолын ұсынды.

Осы соғыстың кесірінен қаншама халық зардап шекті. Бұл соғыс халықтың есінде мәңгі өшпес орын алды. Ленинградты қоршаған кезге арнап Жамбыл атамыз «Ленинградтық өренім» атты өлеңін шығарды. Менің ойымша қазіргі таңда азайып бара жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қадір-қасиетін түсініп, оларға әрдайым құрметпен қарауымыз керек.

Бейсенбаева Мадина

7 сынып, Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін орта мектебі
Қостанай облысы, Аманкелді ауданы
Жетекшісі: Нұрмұханбетова Алмагүл Қанапияқызы

Ерлікке бас иеміз

Міне, қазақ халқының еркін өмір сүріп жатқанына аттай жиырма бес жыл. Осы аз уақыттың ішінде Қазақстан біршама жетістіктерге қол жеткізді, қаншама игілікті істер атқарылып жатыр. Осының бәрі Елбасымыз Н.Ә Назарбаевтың көреген саясатының арқасында деп білем. Сонымен қатар, бізге еркіндіктің туын аманат еткен, яғни қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі үшін жан алып, қан беріскен ата-бабаларымыздың, аға-әпкелеріміздің ерліктерін айтпай кету мүмкін емес.

1941 жылдың 22 маусымы. Бұл күнді көрмесек те, өзіміз оқып жүрген кітаптар мен күнделікті ақпарат көздері куә. Барша әлемді дүр сілкіндірген осындай соғыста, жас жауынгерлер-басты қуатты күш болатындығы баршамызға аян. Қыршыннан қиылған қаншама жауынгерлер Отаны үшін жандарын беруге дайын болды. Жауынгерлер өз елі, жері үшін, халқы үшін жандарын пидә етті. Отанды жаудан қорғап қалуға жандарын салды. Әлемді оқ пен отқа ораған бұл соғыста жеңіс туын ұстауға тырысты. Отанына, халқына деген махаббаттары, қажымас қайрат-жігерлері, асқан ерліктері, жеңіске деген шексіз сенімдері әрбір Қазақстан азаматтарының бойынан көріне білді. Мұның бәрі әр жанұяда жастайынан патриоттық сезімге баулып, тәрбие бергендіктің арқасы деп ойлаймын.

Осы қанды соғыста жан алысып, жан беріскен, Отанының жолында жанын құрбан еткен ерлердің ерлік істері халық жадында мәңгі сақталатыны сөзсіз. Өткен күндерге көз тастасақ, Қызыл әскер қатарында болған қаншама біздің бабаларымыз өз Отанын қорғап, отаншылық, ерлік үлгілерін көрсеткен. Қазақтың қос жұлдызы пулеметші Әлия мен снайпер Мәншүк апаларымыз асқан ерліктерімен көзге түскені белгілі. Сонымен қатар Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев секілді батыр ағаларымыз елін, жерін қорғау үшін алдына жан салмады.

Адамзат тарихында болмаған алапат соғыста бірлік, достық жолында жан қиған қазақ батырлары фашизмнен бүкіл адамзаттық азаттықты қорғап, ерекше ерлік көрсетті. Жүзге тарта қазақ қаһармандарына Кеңес Одағының Батыры деген абыройлы атақ берілді. Батырлықты батырлардың батыры Бауыржан Момышұлы бастады.

Қорған болған елінің елдігіне,

Батырлардың бас идік ерлігіне.
Ұрпақтары қаһарман бабалардың,
Тәуелсіздік қамалын көрді, міне!

Уақыт тарих бетін парактайды. Күн тізіліп, ай алмасып, зымырап жылдар өтеді. Ешбір уақыт ұзақтығы, мерзім межесі көмескіленіп, «көзден таса, көңілден ұмыт» қалдыра қоймайтын жылдар, оқиғалар болады. Сондықтан халық соғыс әкелген қайғы-қасіретті, миллиондаған адамның өмірін қиған сұрапыл соғысты ешқашан ұмыта алмасы анық.

Ата-бабамыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау- әрбір саналы азаматтың борышы. Әрқайсымыз еліміз бен жерімізді қастерлеп, оны шексіз сүюіміз үшін аянбай еңбек етіп, сабағымызды жақсы оқысақ - қоғамға қосар үлесіміз сол болмақ. Өз елін мақтан еткен азамат-халықтың ұлы, оның нағыз перзенті. Елін сүйген ерді халқы сүйіп, оны ардақтайды. Азамат болу-ел қамын ойлау деп түсінемін.

Қазір біздің шекарамыз берік қолда. Оны қас қақпай күзетіп тұрған кешегі Жеңіс солдаттарының немерелері, шөберелері. Олар да аталарындай жігерлі, әкелеріндей өжет. Отанымыздың шырқын бұзғысы келетін қай жауға болса да тойтарыс бере алады.

Менің ойымша, отаншылық-бұл елдікті, мемлекетті саналы түрде сезіну. Кез-келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, туған жеріне деген адалдық және азаматтық сезімдері –бәрі, бәрі қазақстандық отаншылдық деген ұғымның ішіне сияды.

Отаншылдық деген кіршіксіз сезім әр адамның туған ауылынан басталады. Адам нағыз отаншыл болуы үшін, өз елінің, өз халқының тарихымен, бүгінгі жетістіктерімен мақтана білуі керек.

Қазақстан-даласы дарқан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы.

Қазақстан-достықтың, бірлік пен татулықтың, байлық пен жайлы өмірдің мекені. Бұл мекенде аспанмен таласқан биік таулар, ұшы-қиырсыз далалар, тіпті теңіз деңгейінен төмен жатқан ойпаттар да бар. Ну ормандары, шалқар көлдері, сарқыраған өзендері-байлық көзі.

Туған жер, атамекен әр адамның тағдырын құрайды. Тек одан барлық алғаныңды ардақтап, бал жинаған арадай, жүрегіңе құя білуің шарт. Жер шарының қай ендігі, қай белдеуінде жүрсем де қайта соғар сағынышымды басар темірқазығым-туған жер атты ұғым біреу. Өзге топырақ, өзге ауа, өзге суда оның орнын толтыра алмас.

Сондықтан, күмбір-күмбір көне күй мен толғауы тоқсан жырларымызда:

«Ұшса құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады,
Атырауы-айшылық, Қаратауы-күншілік»-деп толғайтыны.

Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту-қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл бізге ана сүтінен дарыған.

Біз жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа өркениетті ұлт ретінде ендік. Әлемдік қауымдастықтың көшіне жеке керуен болып қосылдық. Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей, алтын күндей Елтаңбамызды көргенде, әуелеген Әнұранымызды естігенде бойыңды ерекше бір асқақ сезім билейді. Мұны көру, сезіну де бір бақыт, маңдайға біткен бақ емес пе?

«Қанша ғасыр өмір сүрсе бұл қазақ, сонша ғасыр ұмтылды ғой елдікке», - деп Төле би бабамыз айтқандай, қазақ елі әрқашан да еркіндікке ұмтылған халық. Ең бастысы, қазақ халқымен бірге әртүрлі этностардың да Отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді.

Бізге, жас ұрпаққа, Мұқағали ағамыз:
Сендердікі қоғам, өмір, заман да,
Сан түзеген қалаң менен далаң да.
Болашақта барлығы да сендердікі, жас ұрпақ,

Сендерге аманат етіп табыстаймыз, қабыл алыңдар! - деп өлеңімен аманат қалдырды. Аманатқа қиянат жасауға болмайды, біз Мұқағали ағамызға: «Ақын аға, біз сенің есіміңді жер бетіне жар салар перзентіңбіз, болашақтағы сенер ұрпағыңбыз» - деп уәде береміз.

Ал Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Қазақстанның болашағы, жастар, сендердің қолдарыңда», - деген сөзі бізге, жастарға, үлкен жауапкершілік артады.

Өмір майданындағы сенің сенімді қаруың тек білімің ғана. Білімің толық болса, санаң сергек, еңсең биік, мерейің үстем болмақ. Ешкімнен жасқанбайсың, тірі пенденің алдында кіріптар күй кешпейсің.

Менің және менің құрдастарымның қосар үлесі-терең білім алып, мемлекеттік тілді жетік меңгеруі. Ұрпағы өз тілінде сөйлеген ұлттың рухы биік.

Ғасырлар бойы армандап жеткен елдігімізге қорған болар отансүйгіш патриоттар көп болсын демекпін.

Қорыта келгенде, Отаным-менің мақтанышым, абыройым. Еліміздің ұлан-байтақ жері, бейбітшілік сүйгіш халқы бүкіл әлемге танымал. Бар әлем біздің жеріміздің кеңдігіне, жер қойнауының байлығына, мекен ететін көпұлтты халқымыздың бірлігіне, тұп-тұнық таза көлдері, сарқыраған өзендері, көк тіреген алып таулары-мейірбан халқымыздың байлығы. Осындай бай халықтың ұлы жетістіктерге жетуі- біздің қолымызда!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Елдің елдігін, адамгершілік асыл қасиетін, халқымызды айдай әлемге жар салуда, жас буын, біз де үлес қосайық! Бізге жол сілтеуші жұлдыз-Елбасымыздың бейбітшілік пен келісімде өмір сүру саясаты.

Мен өз Президентіме сенемін! Отанымның жарқын болашағына, жасампаздығына сенемін!

Біржан Азат

7 сынып, Өлеңді орта мектебі,
Қостанай облысы, Науырзым ауданы
Жетекшісі: Турмагамбетова Гульсум Сабыровна

Ер ел үшін туады

Ерлік, Батырлық. Бұл сөзді естігенде
елін, жерін қорғайтын тау – тұлғалары
ер – азаматтар көз алдымызға елестейді.

Мен Өлеңді ауылында тұрамын. Менің ауылымда Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер, тыл ардагерлері бар. Олар жас болса да қиын өмірге араласып, ауыртпалықтарды бастан өткерді. Сондықтан біз оларды құрметтеп, тағзым етеміз. Біз сол ардагерлердің арқасында осындай бейбіт, тәуелсіз елде бақытты өмір сүріп жатырмыз.

..Ұлы Отан соғысы басталғанда Мұқаң не бары 13 жаста екен. Жастығына қарамай ағайындарымен өздерінің күнкөрісі үшін, бұғанасы қатпаса да өзінен кейінгі 3 бауырын жеткізу үшін, сөткесіне 20 сағат өгіз жегіп, соқа айдап, еңбек жасаған...

Мен әңгімеме арқау еткелі отырған Беисов Мұқанбетқан ақсақал бүгін Қостанай облысы Науырзым ауданы, Өлеңді ауылының құрметті азаматы.

Біз, мектеп оқушылары Мұқаң атамен кездесуге келгенде, ата тартымды әңгімесімен бізді баурап алды.

Сөзінің соңында оқушыларға адамға 4 қасиет: оқу, білім, адамгершілік, ар – ұят керектігін баса айтып, Абай өмірін үлгі етуді және әдеби кітаптарды оқуды тапсырды.

Қазақ құлағына сіңісті болып қалған қос батыр қыздың есімі кім? Әрине, Әлия мен Мәншүк. Арада алпыс жыл өткенде егіз есімге үшінші ұлы есім қосылады деп кім ойлаған? «Ешкім де ешқашан да ұмытылмайды», соғыс сарбаздарының жанында жатталған сөз де осы. Ердің де ері бар, сондай еңіреген елдерден кем түспеген қазақтың үш қызы бар, олар – Хиуаз, Мәншүк, Әлия. Әдеттегі әуелі екі есімге қаһарман Хиуаздың есімі қосылып тұр. Хиуаз Доспанова – 2004 жылы Халық қаһарманы атағын ресми түрде алғаны болмаса, жұрт Хиуазды баяғыдан біледі, батыр ретінде біледі, батыл ретінде біледі, ұшқыш ретінде біледі.

Хиуаз, Мәншүк, Әлия соғыс кезінде ұлтымыз үміт артқан үш бұрышты хаттардай... Үш қыздың қолымен келешекке жазылған ерлік хаты. Үшеуінің де ерлігі ел аузында.

Хиуаз Доспанова – ұшқыш. Мәншүк Мәметова – пулеметші. Әлия Молдағұлова – мерген. Үшеуі де батыр, үшеуі де жүректі. Үшеуінің басын қосып тұрған туған топыраққа деген махаббат. Үшеуі де үздік оқыған. Хиуаз

орта мектепті алтын медальмен бітірген. Әлия да, Мәншүк те өте жақсы оқыған. Байқап отырсаңыз, үшеуіне ортақ қасиеттер, ортақ қимылдар өте көп. Үшеуі де майданға өз еріктерімен сұранып кеткен. Әлия мектептен, Хиуаз бен Мәншүк – бірінші курстан Отанды қорғаймыз – деп соңынан қалмай жүріп сұранып, ұрыс даласына аттаныпты.

«Ел атын ардақтайды», «Болмасанда ұқсап бақ», – деп Абай айтқандай, балалар олардың ерліктеріне еліктейді. Мәншүк есімді елімен бірге ертеңге бастап барады.

Қазақтың екі қызының бірінің есімі – Әлия. Бұл ел-жұрттың ықыласы ерекше екенін байқаса керек. Ел ықыласы сатылмайды. Әлияға арналған ерекшеліктер, мұражайлар, көшелер, мрамор тақталар да көп. Олар еліміздің ірі – ірі қалаларында Мәскеуде, Ленинградта, Ақтөбеде, Алматыда орналасқан, тіпті «Әлия» атты балет те бар. Әлияны атасақ, асқақтаған ән келеді:

Қобда, Нева суларын сүйіп өскен,
Әсем гүлін құшаққа жиып өскен.
Аққу құстың бейне бір баласындай,
Әсем сазды жастықтың күйін кешкен...

Осы айтылған әндегі Әлия апамызға ұқсағысы келетін қыздар да бар. Олар тек қана солдат. Ал мен Бауыржан атамызға ұқсағым келеді. Міне, осылардың барлығы елін, жерін, еліне деген махаббатын білдірген тек қана солдаттар. Осы апаларымыз бен ағаларымыздың арқасында осындай бейбіт елде өмір сүріп жатырмыз.

Бытырғы жылы 9 мамыр күні Ұлы жеңіске 70 жыл толды. Біздің арамызда Жеңіс есімді аталары бар балалар да көп шығар. Ол кісілердің атын осы ұлы Жеңістің құрметіне қойғаны анық. Демек, Жеңіс есімді ата да осы тойын тойлап өтті.

Біз де, біздің әжелеріміз де, тіпті кейбіреулерінің аталары да соғысты көрген жоқ. Сондықтан да біз бақытты ұрпақпыз. Ал бізге бейбіт те, бақытты өмірді сыйлаған кім? Олар 1941жылы маусым айының 21 – де басталып, 1945жылдың 9 мамырында жеңіспен аяқталған Ұлы Отан соғысына қатысқан біздің бабаларымыз бен әжелеріміз. Олардың көпшілігі бүгінде біздің арамызда жоқ, бірақ есімдері мен ерліктері біздің жадымызда.

«Жеңіс – ол бүкіл халықтың ерлігі» - дейді әжем. Себебі майданға нан да, ет те, киім – кешек, қару –жарақ толассыз керек болды. Осының бәрімен әскерді қамтамасыз ету үшін қарттар мен әйедер, буыны қатпаған балалар шамадан тыс еңбек етті. Соғыс жылдары сүйген жарынан айрылып, аңырап қалған әжелер, апалар жесірліктің ащы дәмін татты. Соған қарамастан, отағасына деген аяулы махаббатын сақтап қалды,балаларын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді, азамат етті, ел қатарына қосты.

Жеңіс Отан үшін мерт болған ерлердің қанымен, тылдағы аналарымыздың маңдай терімен, қажыр— қайратымен, халықтың ынтымақ — бірлігім тылда да ерлік көрсетті.

Қазіргі Қазақстан тәуелсіз ел, ешқандай соғыс, терроризм жоқ. Мен болашақта жер бетінде еш елде соғыс болмасын деп тілеймін. Балалардың күлкісін әлем көркейтіп, жайнай берсін! Ел намысын қорғаған олар тек қана Солдаттар.

Мәншүк (Мәнсия) үй ішіндегі бесінші бала болатын. Ата — аналары болған соң, апасының қолында тәрбиеленді. Соғыстағы пулеметінің аты «Максим» болатын.

Қолында пулеметі «Максим» оның,
Бойында күш жігері тасқан оның,
Ерлермен тізе қосып атакада,
Оғымен қырғын майдан ашты жолын

— атты жолдар осыған байланысты шыққан. Атақты атқыш, құралайды көзінен ататын мерген қыз бірнеше жүздеген неміс фашистерін жер жастандырған. Невель қаласын азат ету жолында қаза тапты. Мәншүк туралы ән де көп, кино да бар. Олардағы Жәнібек ауданында, Невель қаласында батырға арналған ескерткіштер бар, батыр қыз атында көшелер де көп.

Ал, ән мектеп оқушылары айтатын ән былай басталушы еді ғой:

Мәншүк апай батыр қыз,
Ардақтаймыз атын біз.
Ұқсап Мәншүк апайға,
Өсіп келе жатырмыз.

Әлияның аты аталса, көз алдымызға пилоткалы қыз келеді. Әдемі қыз, сұлу қыз, ақылды, алғыр қыз елестейді, жанарында от жанып тұр, өрліктің өті, ерліктің оты. Ата — анасынан ерте айырылып ағасының қолында тұрған. 1942 жылы өз еркімен соғысқа сұранып кетіп, снайпер Молдағұлова екі айдың ішінде жүздеген немістің ажалына жеткен. 1944 жылға дейін әлденеше ұрысқа қатысып, Псков облысындағы Казачиха деревнясын жаудан тазарту жолында қаза тапты. Батальон атакаға таң алдында шыққан болатын. Окопқа бірнеше метр қалғанда неміс зеңбіректері зіркілдеп қоя берді. Әлия қолындағы гранатасымен дәл тигізіп, зеңбірек үнін өшірді. Батальон бір күнде екі рет атакаға шықты да, келесі күні жаппай шабуылға көшті. Қар үстінде жатқан Әлия неміс жендеттерін баудай ұшырды. Ұрыстың үшінші күні басталды. Оқ винтовкасының нысана көздейтін әйнегі быт — шыт қылды, мина жарықшағы қолын жарақаттады, әйтсе де Әлия майдан даласын тастап кетпеді. Кенеттен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

неміс офицері Әлияның кеудесін көздеп тұрып атып, құлатып түсірді. Мерген қыз қапыда оққа ұшты. Сүйегі Тверь орманында қалды.

Олар өздерінің болашақ ұрпақтары, елім үшін, жерім үшін жан пида деп өз қандарын төкті. Дала қызыл қанға боялды. Қанша адам жараланды, қанша адам жер құшты. Сондықтан біз ардагерлерді және олардың ерліктерін ұмытпауымыз керек.

Жеңіс мерекесі - бұл әлемде теңдесі жоқ елдік пен ерліктің, ержүректік пен батырлықтың, батылдық пен қаһармандықтың мерекесі. Бұл халқымыздың мызғымас бірлігінің, беріктігінің арқасында келген қуаныш пен шаттыққа толы мереке болмақ.

Мен болашақта өз елімнің патриоты болғым келеді. Біз, жас жеткіншектер еліміздің болашағын дамыту үшін жақсы оқып, үлгілі тәртібімізбен ата – аналарымызды қуантамыз, елімізге қызмет жасаймыз.

Бустекбаева Аружан

6 сынып, Жасбуын жалпы білім беретін орта мектебі
Қостанай обл., Аманкелді ауд., Қарасу ауылы
Жетекшісі: Баймолдина Алмагүл Дулатқызы

Жеңістің 71 жылдығы

Адамзат тарихында қайғылы қара уақыттың біріне «Ұлы Отан соғысын да қосуға болатынына да ешбір күмән жоқ. Бауыржан Момышұлы ағамыз айтпақшы «Соғыс-өмір мен өлім арасындағы қыл көпір» атты сөзі бұл уақытқа сынды теңеу болатыны рас. Басталған күнінен аяқталған сәтіне дейін Ұлы Отан соғысының ауыртпалығы қанды майдандарда дүние салған жандармен-ақ өлшенер.

Тарихтың қара беттеріне жазылғандай бұл оқиға барысы 1941 жылдың 22 маусымында таңның маужырап тұрған тыныштығын бұзған болатын. Ол неміс фашистерінің тарапынан бүкіл адамзатқа қасірет әкелген «Ұлы Отан» соғысының басталған күні болғандығы айғақ. Дүние жүзіне апат әкелген бұл соғыс 1418 күн мен түнге ұласты. Соғыс мәселесіне қарсы Қазақстанның барлық жерінде фашизмнің зұлымдығын айыптайтын жаппай халықтық митингілер өтті. Сол сияқты жаппай қарсы іс шаралардың бірі біздің Торғай облысы (Қазіргі Қостанай обл.), Аманкелді ауданында өтіп, Отан қорғауға аттануға көптеген азаматтар өз еркімен тілектерін білдірген болатын.

Осы сұрапыл соғыста даңқты халық батыры Амангелді ауданының азаматтары ерліктің небір жанқиярлық үлгілерін көрсетті. Олар майдан далаларында жаулармен арыстанша айқасып, жолбарысша жұлқысты. Жан алып, жан беріскен сұрапыл соғыста ата-баба ерлігін одан әрі жалғастыра білді. Олардың көбі майдан далаларында шаһит болса, енді біразы елге мүгедек және біразы дін аман болып оралды. Отанға оралған соң бейбіт еңбекте ерліктерін кеңінен жалғастыра білді. Қай салада болмасын қызмет атқара жүріп, халықтың көңілінен шықты. Әрине, олардың бәрін түгендеп шығу мүмкін емес. Ең бастысы олардың қай-қайсысының болмасын есімдері еліміздің есінде болуы парыз болса, ерліктері ұрпаққа ұлы өнеге болатыны мақтаныш! Олардың ерекше ерлік көрсеткендері Батырбеков Тайжан және менің мақтан тұтар атам Наурызбаев Бөстекбай Абламбайұлы. «Ұлы Отан» соғысына қатысқан әрбір азамат батыр болғандықтан, туған жерін, өскен өңірін білуі меніңше әрбірімізге міндет.

Батырбеков Тайжан. 1910 жылы Қайыңды ауылында туған. Аманкелді орта мектебінде оқыған, Ақөткел бастауыш мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген, Қостанай қаласындағы совпартшколдан Аманкелді аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, дайындау мекемесінде қызмет істеп, 1942 жылдың қазан айында Сталинград түбіндегі соғысқа қатынасады. 1943 жылдың қаңтар айында қоршауда қалған жаумен болған ұрыста жараланып,

госпитальға түсті. Үш ай емделіп, қайтадан Орлов бағытындағы майданға жіберілді. Купекі доғасындағы болған қантөгіс шайқаста ауыр жарақаттанады, госпитальда бір аяғынан айырылады. Емделгеннен кейін елге оралады. Соғыс ардагері «Ерлігі үшін», «Станлинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдармен, III дәрежелі Даңқ орденімен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 1944-1966 жылдары Аманкелді аудандық әлеуметтік қамсыздандыру мекемесінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарған. 1983 жылға дейін аудандық жол бөлімінде кассир-есепші болып зейнеткерлікке шығады. 1992 жылдың 11 қарашасында қайтыс болған. Артында 3 ұл, 12 немересі мен 12 шөбересі бар.

Атамның ерлігі-мен үшін үлкен мақтаныш. Ел аузында «Ақ жүрек» атанып, ел құрметіне бөленген атам Наурызбаев Бөстекбай Абламбайұлы (1918-1991жж.) сонау сұрапыл жылдары біздің болашағымыз үшін, Отанмымыздың бостандығы мен бейбітшілігі үшін жанқиярлықпен ерлік көрсеткен қазақстандықтардың қатарында ажалмен арпалысып, кеудесін оққа тосты. 1918 жылы қазіргі Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Қайыңды ауылдық кеңесіне қарасты Кеңарал деген жерде дүниеге келген. 1939 жылы әскерге алынды. Финн соғысында болды. 12-ші габицалық артийллерия полкі, 18-ші атқыштар дивизиясының құрамында Маннергейм операциясына қатынасады. Финн соғысы аяқталғаннан кейін полк дивизия құрамында Белоруссия әскери округына ауыстырылды. Ұлы Отан соғысының басталу да сол жерден болды. Жаудың басымдылығы үстем болып, көпке дейін шегінуге тура келді. Соғысып жүріп, Орша қаласының түбінде бекініске тұрды. Сол жерде соғыс құдайы «Катюша» бірінші рет жауға оқ атты. Бұл шайқаста жерлесіміз жеңіл жарақаттанып, аз күн дала госпиталінде болып, қатарға қайта қосылды. 1944 жылдың желтоқсан айында біздің армия жерімізді неміс басқыншыларынан толық босатты. Жауды ығыстыра отырып, Будапешт, Вена қалаларын алды және Балатон бағытында жауға қатты соққы берілді. Соғыстағы ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз, I, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Будапешті алғаны үшін», «Венаны алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдармен марапатталған. Елге келген соң Мәдениет бөлімінің бастығы, аудандық жинақтау кассасының меңгерушісі, 1960 жылы «Коммунизм жолы» совхозында бөлімше басқарушысы, шаруашылық жөнінде директордың орынбасары тағы да басқа жұмыстар атқарып, зейнеткерлікке шыққан. 1991 жылы қайтыс болып, артында 3 ұл, 4 қызы және немерелері мен шөберелері қалды. Ол кісі туралы ауданымыздың ақсақал журналисті Бөгенбай Әлмағанбет кезінде облыстық газетте очерк жазып, атамның ерліктерін аудандағы қазақ қауымына паш еткен. Осылай жиырмасыншы ғасыр батырларын газет-журналдарда, кітаптарда жариялау біз үшін «тарихи мұра» екендігі анық.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қорыта айтқанда, осы аталарымыздың соғысқа қатысқандағы мақсаты-ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы және бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Уақыт өткен сайын аталарымыздың сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олардың көрсеткен ерліктері- бүгінгі ұрпаққа өнеге! Отан сүйгіштік қасиет- әр кезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым- біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендірдің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі, олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз! Үлкен қауіп-қатер, қайғы-қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыңнан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Ұлтымыздың рухани ұлы көсемі, жерлесіміз Ахмет Байтұрсыновтың «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің?- деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?!» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады. Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жан тапсырды. Бұл- шынында да ерлік болатын! Майдан шебінде жанын пида еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Есенгелді Ерік

Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы
Жетекші: Есенева Қаракөз Тұрағалқызы

Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастау жол» атты жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп атап өткен болатын.

Ұлы Жеңістің 71 жылдығын ерекше атап өткен болатын.

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлингтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз **Жеңіс күнін** жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Биыл ТМД елдері осы соғыстағы ортақ ұлы Жеңістің 71 жылдығын мерекелеуде. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм

концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көкарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды.

Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртіннің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. деп есептеледі. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді.

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған.

Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Республикамыз халқы қаһарлы жылдары тас- түйіндей бекілді. Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24% жеткен. Ал екі майданда бірдей соғысқан Германия халқының соғысқа жұмылдырылуы 12 % болған. Осы деректен-ақ тылдағы еліміз залқына қандай ауыртпалық түскенін айқын көруге болады. Салмақ әйелдер мен жасөспірімдерге түсті. Соғыс жылдары өнеркәсіпте еңбек еткендердің 50% жеңіл, сондай- ақ тамақ өнеркәсібінде 85-90%, ауыл шаруашылығында 80% астамы әйелдер болды. Жастар жұмыс істейтіндердің 35-40% құрған. Осындай жұмысшылар құрамымен Қазақстан соғыс жылдары КСРО-да өндірілген молибденнің 60%, металдық висмуттың 65%, полиметалл рудаларының 79%, мыстың 35%, қорғасынның 83% берді. Батыс аудандардан көшірілген 220 кәсіпорынды қабылдап, қысқа мерзімде іске қосты. Өз халқының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы төмен бола тұрса да республикамыз соғыс жылдары орталыққа 4 829 мың тонна астық, 600 мың тонна ет тапсырды.

Республика малшылары Қызыл Армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясын құруға жетті. Соғыс өртіне шалынған аймақтардан эвакуацияланған жүздеген мың адамдарды, кейіннен саяси-сүргінге түсіп, депортацияға ұшыраған 1 миллионға жуық әртүрлі этнос өкілдерін қабылдады. Мұның бәрі республикадағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды одан әрі күрделендірілгені белгілі.

Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры

атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты. Бұрынғы деректерде, тіпті тарих оқулықтарының беттерінде бұл сан бірде 97, бірде 98 болып беріліп келген болатын.

Қазақсан Ұлы Отан соғысына біртұтас елдің құрамдас елдің құрамдас бөлігі ретінде кірісті. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1941 жылғы қаулысымен Қазақстан және Орта Азия, Кавказ Республикаларында ұлттық әскери құрамалар жасақтала бастады. Сол жылы қазақ жерінде жеті атқыштар дивизиясы, үш атты әскер дивизиясы, үш атқыштар бригадасы құрылды.

Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Волоколамск тас жолындағы Дубосеково бекетін қорғаған атақты 28 –ші панфиловшылар сапында Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенов, М.Сеңгірбаев сынды қазақ жауынгерлері қаһармандықпен шайқасты. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында ботальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді.

1942 жылы Бородино селосының маңындағы қиян-кескі ұрыста қазақ жауынгері Т.Тоқтаров ішін оқ тіліп, ішек-қарны ақтарылып түссе де атысты тоқтатпады. Арыстанша алысып жүріп, 49 фашисті жер жастандырған Төлегеннің ерлігін асқақтатқан «Жас қазақ» әні бүкіл майдан даласына жайылды. Тарихқа «Сталинград шайқасы» деген атпен енген алапат ұрыс 6.5 айға (1942 жылдың шілдесінен -1943 жылдың ақпанына дейін) созылып, ақырында, неміс басқыншыларының бетін қайтарып, меселін басқан бетбұрысты кезеңге айналды.

1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес одағының Батыр атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесіне, Қазақстанның индустриялы, аграрлы ел болып қалыптасуындағы басқару мектебін құрудағы рөлін айту парыз. Отан соғысынан қайтқан жеңімпаздар аса құштарлықпен, адалдықпен, іскерлікпен еңбек етті. Отан соғысы жеңімпаздарының ерекше миссиясы туралы айтқанда ғалымдарымыздың екінші тылдағы ерлігі туралы айту қажет. Белгілі ғалымдар М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, С.Зимонов, А.Абдуллин, Ә.Қайдаров және басқалары соғыс кезінде ең қиын сәттерде жауынгерлердің арасына саяси- тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, соғыстан кейін ғылымның бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстанда іргелі ғылымның дамуына ерекше үлес қосты.

Ұлттық академияның академиктері атанды. Соғыстың от- майданында жүріп «алты малтаны ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген кешегі өткен Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылық ерлігін, бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттықтың жыршысы мен күзетшісіндей Әбдіжәміл Нүрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев және басқаларды айту парыз.

Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті. Соғыстың қорытындысында қалыптасқан социалистік лагерь, әлем саяси дамуының бағытын анықтаған Ялта бейбітшілік шарты, Варшава шарты ыдырады. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес – ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе **Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына** орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Жанайдарова Раушан

Қостанай қаласы

Қостанай гуманитарлық колледжі

2-курс. «Негізгі орта білім» мамандығы

Жетекшісі: Досмағанбетов Сайлау Жеңісұлы

Ұлы Жеңіске биыл міне 71 жыл толғалы отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9 мамыр күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы Жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман мен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері мол еді.

Біз жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнег фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғасы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңістің біздің жауымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Осылайша біздің ата-бабаларымыз келешек ұрпақтары үшін жан аямай соғысты. Мен сол ата-бабаларымызға арнаған өлең жолдармен барынша жеткізуге тырысайын:

Тәуелсіз ел тұғыры көкке өрлеген
Ұлы Жеңіс дүбірі көк терлеткен
Қазағым құтты болсын егеменің
Байрағың желбіретсің ел тұғырын
Талайлар бұл соғыста құрбан болған
Жасы да, кәрісі де жерді құшқан
Отаның қорғаған жан бар тәнімен
Келешек ұрпағына жеңіс берген
Міне бүгін тағы бір биікке өрлеп
Егемендік атағын алып бердік
Жеңіске бүгін міне 71 жыл
Қазағым құтты болсын жеңістерін
Соғыста құрбан болған батырларды
Отаны оларды еш ұмытпайды
Солардың арқасында егемен боп
Сан талай жеңістерді бағындырдық!

Талай қазақ батырлары соғыстың құрбаны болып, келмеске кетті.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Осыдан 75 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар одағына шабуыл жасалды. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариатқа еріктілер ағылды. Кеше ған мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Дәл мұндай сұм соғысты ұмытуға бола ма? Қазақ халқы қаншама қасірет шекті, қаншама адам жер құшты, талай адамдар жас сорғалатты. Біз сол адамдарға шын жүректен риза болуымыз керек. Себебі, дәл сол адамдар өз өмірлерін осы жеңіске арнады. Егер дәл осы күні біздің ел-жан аянбай шайқаспаса біз бүгін жеңіске жетпес едік.

Ұлы Отан соғысы – бұл үлкен мұн талай Қазақстандықтардың жүрегінде жара болып қадалған. Күзбен бірге жеңістің туы желбіреген болатын. Тіпті өткен күндерді еш есімізге түсіргіміз келмейді. Қаншама қайғыны бастан кешірген едік. Осы 2016 жылдың мамыр айында, біз, XX ғасыр балалары, жүректің жасымен өткен күндерді еске алып Жеңістің 75 жылдығын тойлайтын боламыз.

Сұм соғыстың құрбандарына айналған Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі –қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардық қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов болатын. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ған емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО – ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік орындар барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа кәсіптік нысандардың құрылыстары жеңілдетілді.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірген болатын. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Көптеген елді-мекендер, станциялар, қала және ауылдар, көптеген кәсіпорындар жермен жексен болған. 40 мыңдай аурухана немесе оқу орны, 42 мың кітапханалар және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған болатын.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек. Ұмытылмақ емес. Себебі, соғыс-күйретуші күні! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио-телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта келешек ұрпаққа жеткізеді. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, отанын қорғаған жауынгерлердің ерлігі мәңгі өшпейтіндігін, біз кемелді келешек ұрпақ ата – бабаларымыздың ерлігін асқақтата, еске алып отыратынымызға мен өз басым ашық айта аламын. Асқан ерлікті ұмыттырмай, болашақ ұрпаққа жеткізу, ұмыттырмау, ұмытпау әрбір қазақстандықтың жан дүниесіндегі бірден – бір орын алады.

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан қаһарлы сұрапыл соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне өз басымның көзі жетті. Себебі, соғыс уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ншқандай сынға берілмейтін азап екендігін түсіндім. Келешек ұрпаққа жеңіс алып берген батырларды біз еш ұмытпаймыз. Ер есімі ел есінде» мәңгі қала бермек.

Жанайдарова Раушан

Қостанай қаласы

Қостанай гуманитарлық колледжі 2-курс

Жетекшісі: Досмағанбетов Сайлау Жеңісұлы

Ұлы Отан Соғысына бүгін міне 75 жыл толып отыр. Дәл мұндай сұм соғысты ұмытуға бола ма? Қазақ халқы қаншама қасірет шекті, қаншама адам жер құшты, талай адамдар жас сорғалатты. Біз сол азаматтарға шың жүректен риза болуымыз керек. Себебі, сол азаматтар өз өмірлерін осы жеңіске арнаған болатын. Егер дәл сол күні біздің ел жан айамбай шайқаспаса біз бүгінгі таңда мына жеңісіміздің желбіреген туын көрмес едік.

Ұлы Отан Соғысы – бұл үлкен мұн талай Қазақстандықтардың жүрегінде жара болып қадалған. Күзбен бірге жеңістің туы да желбіреген болатын. Тіпті өткен күндерді еш есімізге түсіргіміз де келмейді. Қаншама қайғыны бастан кешірдік. Осы 2016 жылдың мамыр айында біз, 21 ғасыр балалары, жүректің жасымен өткен күндерді еске алып жеңістің 71 жылдығын тойлайтын боламыз. Соғыс тіпті әрбір отбасының ойраның шығарды, міне менде де жақындарым бар, сол сұм соғыстың зардабын шеккен. Бұрын әжем өзінің әкесі туралы айтқан, менің арғы атам туралы. Қалай ол соғыста соғысқаны жайлы және тіпті ес-түссіз жоғалып кеткені туралы. Бір жылдан да көп уақыт ол кісі жайлы еш хабардың болмағаны. Менің атамды қайтыс болды деп ойлаған, бірақ бірнеше уақыт өткеннен соң ол табылды. Ол ауыр жарақат алыпжан сақтау бөлімінде жатқан, тіпті біраз уақыт ол кісі өз есін білмеген, өзінің отбасы жайлы да.

Ұлы Отан Соғысы жылдары менің әжем әлі бала болған, ол қандай азап шегіп, қандай да бір қорқыныштарды бастарынаң кешіргенді айтқан болатын. Ішер тамағын, киер киімі болмаған, тіпті жататын орын болмаған. Үйлердің әйнегін қара бояумен бояған, далада қараңғы түскен кезде оларға үйдің жарығын жағуға болмайтын еді, себебі, жаулар байқап қалмас үшін.

Мұндайды көру өте қорқынышты және мұндайды бастан кешіру тіпті ауыр. Соғысты бастан кешіргеннен кейін, оны ұмыту қиын, ол әрбір азаматтың жүрегінде мәңгі қала бермек.

Мен өз халқымды мақтан тұтам, сіздердің алдарыңызда басымды ием. Қазақ азаматтары үлкен алғысымды білдірем сіздерге, бізге өмір сыйлағандарыңыз үшін.

Ешбір азаматтың жадынан 1941-1945 жылғы уақиға естен кетпейді. Менің есімде бар! Мен қазақ азаматтарымен мақтан тұтам!

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорку деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай - ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп

қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Сұм соғыстың құрбандарына айналған Кеңес одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы, мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің бірі-қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі Қасым Қайсенов болатын. Жерлесіміз жаудың дзотын кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағанбетов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек.

Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар. Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО –ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел эканомикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік орындар барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 552 506 адам көшірілді. Оған қоса жаңа кәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді.

Ұлы Отан Соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам адам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірген болатын. Жекелеген мәліметтер бойынша азамат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Көптеген елді-мекендер, станциялар, қала және ауылдар, көптеген кәсіп орындар жермен жексен болған. 40 мыңдай аурухана және оқу орындары, 42 тмың кітапханалар және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған болатын.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтері, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғыста ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек. Ұмытылмақ емес. Себебі, соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта, келешек ұрпаққа жеткізеді. Ұлы жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні-бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын отанын қорғпған жауынгерлердің ерлігі мәңгі өшпейтіндігін, біз кемелді келешек ұрпақ ата-бабаларымыздың ерлігін асқсқтата, еске алып отыратынымызға мен өз басым ашық айта аламын! Асқан ерлікті ұмыттырмай, келешек ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз болып табылады.

Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Бауыржан Момышұлы былай деп айтқан болатын «соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды» деген. Ұлы Отан соғысы 1941 жылы 22 маусымда басталды. Осы күн біз үшін күнтізбенің қара күні. Ұлы Отан соғысы халық өмірімен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз жүрегімізден алып тастай алмаймыз, бұл оқиға жүрегімізде және тарихымыда мәңгі қалады.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһармандарымыздың рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Біз ата – бабаларымыздың алдында бас иіп, құрметтеуіміз керек, бұл адамгершіліктің белгісі. Осы соғыс үшін қаншама халық бір тудын астына бірігіп, бір үлкен отбасындай болды. «Елім үшін жан пида» деген азаматтар біздің жүрегімізде мәңгі қалмақ және де қала бермек.

Жумабеков Данияр

11 сынып, №1 мектеп-лицейі,
Қостанай қ.

Жетекшісі: Рахимова Эльмира Ерсалимовна

Ұлы Отан соғысының басталғанына 71 жыл

Ұлы Жеңіске биыл 70 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлингтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Сөз соңында айтарым, мен туған өлкемізде осындай батыр рухты қазақтың бар болғанын мақтан етемін. Баласы Махамбеттің айтуынша Иманғали Тасмағамбетов Атырау облысының әкімі болған кезде Елбасымыз алдына «Халық қаһарманы» атағын беруге ұсынған екен. Ол мәселе аяқсыз қалған. «Неге аяқсыз қалған?» деген сұрақ мені мазалайды. Былтырғы жылы Атырау қаласында көше аты берілген екен. Мұның өзі көңілге қуаныш ұялатады. Алайда Қазақстан тарихы беттерінен лайықты орын алса, тіпті деректі фильм түсірілсе, халық Рақымжан Қошқарбаевты қалай таныса Кенжебай Мәденовті де солай таныса деймін. Әлі де болса іздестіріп өмірінің әрбір сәтін жүйелеймін. МХК – де қызмет атқарып жүрген кезіндегі атқарған істерін де зерттеймін. Бір деректерден құпия түрде Ағылшын - Ауған соғысына жіберілді деп естідім. Бірақ мұның беймәлім жақтары көп. Осы деректер менің қызығушылығымды оятады. Алайда Кенжебай атаның Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктерінің өзі үлкен бағаға ие болуы керек деп ойлаймын. Өйткені «Атаға қарап ұл өсер» дегендей жас ұрпақ аға буынға қарап сап түзейді емес пе? Бүгінгі күннің жас ұрпағы атынан менің ұсынысым ел ағалары ол ерлікті бағалап Кенжебай атаның ел тарихында елеулі орын алуына, «Халық қаһармандарының» қатарына енуіне септігін тигізсе ата - бабамыздың аруағы бір аунап қалар ма еді?!

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда биік шыңдай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етуіміз керек. Олардың саны күннен –күнге азаюда . Сұрапыл соғыста «ел басына күн туғанда, етегімен су кешкен» ерлер мен бірге қолдарына қару алып, Әлия мен Мәншүк апамыз да асқан ерлікпен қаза тапты. Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасық қаны қалғанша шайқасты. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. 27 млн. адамның өмірін жалмады. Міне осынау елімізге лаң салған алапаттың жеңіспен аяқталғанына биыл 70 жыл толып отыр. Ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емес. Осы намысқой қазақтың көксегені бүгін де орындалды деп ойлаймын. Ендеше, бүгінгі ұрпақ бақытты ұрпақ. Қазақ болып туғандарыңды мақтан етумен қатар, ұлты үшін намыс пен күш- жігерін арнайтын, арлы жас болып өсу бақытын тілеймін.

Сонымен, ардагерлер, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар, Ұлы Жеңістің 71 жылдық мерекесі құтты болсын!

Қасым Таңшолпан

Қостанай облысы, Рудный қаласы
Ы.Алтынсарин атындағы Рудный
әлеуметтік-гуманитарлық колледж 3-курс
Жетекшісі: Жайлаубаева Индира Жубаткановна

Жаужүрек жауынгер

Данагөй халқымыз «Ел басына күн туғанда, ер етігімен су кешеді» деп бекер айтпаған. Елі үшін туған ерлер қалың қазақтың ортасынан оза шығып, отты майдан шебінде қасық қаны қалғанша жаумен шайқасып өз Отанын қызғыштай қорғай білді.

Халқымыздың маңдайына біткен, елі үшін туып, елі үшін жанын пидеткен жаужүрек жауынгерлері жетерлік. Осындай қаһарман ұлдардың бірі де бірегейі - Сұлтан Біржанұлы Баймағамбетов. Оны бүгінгі ұрпақ Ол 1920 жылдың сәуір айының 1-інде (кейбір деректерде 21 ақпанда) Әуликөл ауданының Қояндыағаш ауылында шаруа отбасында дүниесігін ашқан. Орта жүздің Байғұлақ руынан шыққан. Жастайынан жетімдіктің ащы дәмін татып, ес білген шақтан бастап аяулы апасы Зейнептің қолында тәрбиеленіп өскен. Себебі мына жалған өмірде жанына ең жақыны-ата-анасы - қалың қазақтың көгіне қара бұлт үйірілген ашаршылық жылдарында дүниесалған екен.

1937 жылы Қояндыағаш ауылындағы Сұлтан оқыған мектеп төтеден келген тілсіз жаудың кесірінен отқа оранады. Амалдың жоқтығынан бала Сұлтанға ауылынан 7 шақырым шалғай орналасқан Қарақалпақ жеті жылдық мектебінен білім алуға тура келеді. Ең қызығы, болашақ батыр жас күнінен өжет, өршіл, қатал мінезді болған.

Бала Сұлтанның мінезінің қиқарқылығы мен қиырлығы оның 7 сыныпта оқуды еріксіз тастауына себеп болады. Мектептен шыққаннан кейін, бір айдай оқымаған Сұлтан апасы Зейнепке шаруашылық жағынан көп жәрдемдеседі. Кейін сол жылы арада көп уақыт өтпей-ақ Сұлтанды Әуликөл орта мектебіне 5 сыныпқа қабылдайды. Аталмыш мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, отбасылық жағдайдың қиындығы мен түйткіл тіршілік тауқыметі әрі қарай білім қуып, арман-тілектерін жүзеге асыруға кедергі жасайды. Жасынан еңбекке қатты құштар Сұлтан пошта бөлімшесіне есепші болып, жұмысқа орналасады. Араға көп уақыт салмай өз қызметін жауапты орындай білгендіктен, оны Құмсу ауылына пошта бөлімінің басшысы етіп тағайындайды. Кейін Әуликөл ауылына көшіп келеді.

Батыр ұлдың жалынды жастық шағы әлемді дүр сілкіндірген 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді. Сұм соғыс халқымыздың басына төнген ең ауыр күндер болды. Ел қатарлы жаужүрек Сұлтан да 1940

жылдың қазан айында Қызыл Армия қатарына шақырылады. Ол полктік мектепті аяқтайды.

1941 жылдың маусым айынан бастап отты майданның бел ортасында жүреді. Ең алғашқыда мергендер ротасында ,кейіннен пулеметшілер бөлімшесінде қызмет етті.

Жыр алыбы Жамбыл атамыз жалынды жырға қосып жырлаған Ленинградты қанқұйлы фашистерден азат етуде Сұлтан Баймағамбетовтің де өз үлесі бар. Ол сол кезде 43 атқыштар дивизиясына қарасты 147 атқыштар пулеметшілер полкінің бөлімшесінде командир болды . Батырдың қайтпас қайсарлығын мына тарихи маңызы зор , майдандас досы Ханиф атаның естеліктерінен анық байқауға болады. «Баймағанбетов екеуімізде қалғаны бірнеше граната ғана. Біздің рота алға ұмтылайын десе, пулеметтен атқылаған оқ мұрша берер емес. Сол кезде Сұлтан : «Мен гранаталармен кеттім » , - деді ... Ол алты гранатаны алып,үздіксіз атқылап жатқан дзотқа қарай жылжи жөнелді. Мен Сұлтанның амбразураға қарай байқатпай өтіп, бірінен соң бірі екі гранатты қалай лақтырып жібергенін анық көрдім. Пулемет үнсіз қалды . Бірақ үнсіз қалған дзотқа таяу жерде өзгелер оқты қарша боратып жатты.

Баймағанбетов жақын орналасқан дзотқа еңбектеп келіп, тағы да екі гранатаны лақтырды.Оқ толастар емес. Сұлтан одан сайын жақындай түсіп ,үшінші гранатаны сермеп қалды . Өте сәтті шықты .Граната амбразураға дөп тиді.»

1943 жылдың 22 маусымында кезекті Ленинград түбіндегі шайқастардың бірінде 50- ден астам қаһарына мінген ашулы дұшпанды батылдықпен жер жастандырды. Батырдың майдандасы және соңғы ұрысқа қатысушы Ханиф Гайнутдиновтің хатынан үзіндіде :«Сұлтан Баймағамбетов –менің майдандас жолдасым,біз онымен бірге көптеген ұрыстарға қатыстық.Былайша айтқанда , біз оны Сұлтан емес , көбінесе Саша деп атайтынбыз.Сұлтанның гөрі оған осы бір қарапайым орыс есімі қаттырақ ұнайтын.Егер қайсы бірінің оны өз есімімен шақырар болсақ,ол саусағын шошайтып:

- Тыныш! Құдай сақтасын,орыстар көмекке қайдағы бір сұлтанды шақырып жатыр деп,шу шығарып жүрер,-деп әзілдейтін»

Бұдан С.Баймағамбетовтің әскери достарының ішінде сыйлы да ақжарқын жан болғанын аңғартады. Сол жылдың 25 шілдесінде Сұлтан Баймағамбетов жаудың арнайы салынған қорғаныс ұясының оқ жаудырып тұрған аузын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапты. Жүректі жауынгер орыс халқының ержүрек ұлы, Кеңес Одағының Батыры Александр Матвеевич Матросовтың ерлігін қайталады. Сол кезде ол бар болғаны 23 жаста ғана еді. Өттең ,сұм соғыс жасқа да, кәріге де қарап жатпады...

Елі үшін өз жанын пидә еткен батыл жауынгер ерлігі ұрпақ жадында мәңгіге жатталғандай.Себебі сол бір отты жылдарды көзімен көріп ,жүрекпен сезіне білген асқар таудай аталарымыз бен аяулы апаларымыз тарлан

тарихтың ақ парағында өшпейтін сиямен жазылғандай , ешқашан ұмытылмақ емес...

Батырдың ерен ерлігі бағаланып , 1944 жылдың 21 ақпанында КСРО Жоғары Кеңесі Президумының шешімімен Сұлтан Баймағанбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

С.Баймағамбетовтің жанқиярлық ерлігіне көрші Ресей халқы тәнті болып, қаншама жылдар өтсе де, ерекше құрметтейді. Батыр рухына деген ерекше ілтипат сөзбен емес, іспен дәлелденуі мақтауға тұрарлық игі іс. Соның бірнешеуіне тоқталатын болсақ, 2001 жылы Санкт Петербург қаласының жанында орын тепкен Киров қаласындағы гимназияға батыр есімін берген болатын. Ал, білім ошағының ауласында Сұлтан атаға арнайы ескерткіш орнатылған. Тіпті ең қызығы аталмыш қаланың тұрғындары қазақ халқының ержүрек ұлының ерлігіне бас иіп, тағзым ету мақсатымен Қостанайға арнайы ат басын бұрып келгені көңілге ерекше серпін беріп, бойды мақтаныш билейтіні жасырын емес... «Ер есімі – ел есінде» деген осы шығар, сірә!

Қазақтың қаһарман ұлының есімі кіндік қаны тамған туған жерінде де ескерусіз қалған жоқ. Себебі, Қостанай қаласындағы орталық көшелердің бірі және Әулікөл ауылындағы орта мектеп батыр есімімен аталып, ескерткіш тұрғызылған. Елі барда ері ешқашан ұмытылмайтынын сөзсіз ұғынуға болады. Тіпті талантты режиссер Ерсайын Төлеубай батыр ерлігін насихаттау, ұлы ерлікті ұмытпау және дәріптеу мақсатында сахна төрінде «Ер Сұлтан» пьесасын қалың жұртшылыққа көркемдеп ұсынды. Әйтсе де қаншалықты ұлы батырды ұлықтадық , есімін ұмытпадық десек те , әлі де кемшін тұстарымыз бар. Ол Сұлтан Баймағамбетов есімінің халық арасында аз насихатталуы деп топшылаймын. Себебі осы мақаланы жазуда Сұлтан Баймағамбетовтің өмірі мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі жайлы ана тілімізде материалдардың жоқтығы батырдың тұлғасын толық ашуға қиындық тудырды. Мұндай мәселемен менен бұрын да зиялы қауым өкілдері бетпе-бет кездескен. Оған дәлел еңбекқор режиссер Ерсайын Төлеубайдың мына сөзінен-ақ мәселенің мәнін түсінуге болады. «Көше мен мектептің атын бергенімен Сұлтан Баймағанбетов жайлы деректер тым аз. Яғни оның ерлігін насихаттау жағы жетіспейді. Қандай да мықты адамның ұлы тарихы сол ұлы істі атқарған кезінен емес, туған жерінен, туған аулының, өскен ортасынан бастап жазылады. Мен міне осының бәрін енгіздім. Ал өзінің архивін мен Алматыға барып қарадым. Екі-үш бет қағаз ғана. Сондықтан туынды көркем шығарма түрінде жазылған. Мұндағы кейіпкерлердің дені автордың қиялы мен пайымдауларының жемісі.» Болашақта жерлес қаламгер жазушыларымыз қарымды қаламымен , Отанға деген шынайы сезімнің әсерімен батыр атаға арнайы естелік кітап шығарса да аздық етпес, сірә! Жүйткіген уақыт ешкімге жеткізер емес... Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл толды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Бұл- сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін жас ұрпаққа насихаттайтын, тарлан тарихта мәңгілік қалған күн. Ұлы Жеңіс жолында қыршынынан қиылған жерлесіміз Сұлтан Баймағамбетовтің ерлігі ұрпақ жадында және Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарында мәңгіге қалмақ!

Қасымқан Қуандық

9 сынып, Өлеңді орта мектебі,
Қостанай облысы, Науырзым ауданы
Жетекшісі: Турмагамбетова Гульсум Сабыровна

Ер есімі – ел есінде

Ешкім іштен батыр болып тумайды.

Батырлық та мінез секілді өскен орта,

көрген тәрбиеге байланысты

қалыптасады. Б. Момышұлы

Қанша уақыт өтсе де халық зердесінде мәңгі сақталатын күндер мен оқиғалар болады. Сондай күндердің бірі – Ұлы Отан соғысы мен 9 мамыр Жеңіс күні.

XX ғасырдың аса маңызды, орасан зор тарихи мағынасы бар уақиғасы – 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістен бізді 70 жылдан астам уақыт бөліп тұр. Әлемнің мемлекеттері мен халықтары фашизмнің құлшылығынан миллиондаған адамдардың бейнеті мен құрбандылығы арқасында сақталып қалды. Олардың теңеуі жоқ ерліктерінің ұлылығы алдында біз бүгін басымызды иеміз.

Қазақстандық жауынгерлердің осы Жеңіске жету жолындағы үлесі орасан зор. Мыңдағандары өшпес даңққа бөленді, олардың есімдері тарих бетінде алтын әріппен жазылды. Сталинград түбінде жаумен шайқасқан, генерал Панфиловтың дивизиясы құрамында Москваны қорғаған қазақстандықтарды біз мақтан тұтамыз. Ұлы Отан соғысының даңқты шежіресіне алтын әріппен жазылған жауынгер жерлестеріміздің майдандағы ерлігін біз ерекше мақтанышпен бағалаймыз. Біздің халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы қаһармандық ерлігі жеңіспен аяқталды. Бұл жеңіс 20 миллион жерлестеріміздің қанымен, тірілердің табан ет маңдай терімен келді. Соғыста ерлікпен қаза тапқан қыршын жастарымыздың қаһармандық рухы ұрпақтан – ұрпаққа мәңгі өнеге.

Ер басына күн туып, етегімен су кешкен, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішкен ауыр сын кезінде біздің ондаған мың жерлестеріміз кеуделерін оққа тосты. Олардың көпшілігі қан майданнан оралмады, хабар – ошарсыз кетіп, кейінгі тағдырлары беймәлім күйде қалғандары да аз емес. Қанды қырғынның лаңы әрбір отбасын қамтыды. Соғыс қасіретінің әлі күнге дейін жазылмаған жарасы жүрегімізді сыздатады. Жалпы адамзат баласы үшін соғыс қажет пе еді? Осы соғыста қандай қайғы – қасіреттер болды десеңші! 1418 күнге созылған сұрапыл соғыста мұз жастанып, қар төсенсе де, батырлық көрсетуден таймаған, ержүрек жауынгерлерімізді және қазақ деген батыр халықты әлемге

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

танытқан батыр аталарымыз бен аналарымыздың ерлігіне бас иіп, 1 минут үнсіздік танытсақ артық болмас еді.

Ұлы Отан соғысында асқан батырлығымен көзге түсіп, үкіметіміздің ең жоғары Совет Одағының батыры атағын алған жерлес аталарымыздың есімдерін атап өтсем, олар: Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, ұшқыш – Талғат Бигельдинов, Нұркен Әбдіров, Қарсыбай Сыпатаев, Әлия мен Мәншүк, Хиуаз Доспанова апаларымыз, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов т.б. еді.

1942 жылдың 26 сәуірі қостанайлықтар үшін ұмытылмас күн болып қалады, сол күні олар 151 атқыштар бригадасының құрамындағы өздерінің ұлдары мен әкелерін майданға аттандырды. Кейін бұл бригада II дәрежелі Кутузов орденді 150 атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды. Майданның жорық жолдарын Қостанайдан бастаған 150 мен 171 атқыштар дивизиясының жауынгерлері талай қантөгіс ұрыстарды бастан кешіп, Берлинге жетті, рейхстагтың мұнарасына жеңістің қызыл туын тікті. Жеңістің туын тігушілердің арасында біздің қостанайлық жауынгерлер де болды. Соғыстағы ерлігі үшін мыңдаған жауынгерлер ордендер мен медальдармен марапатталды, Кеңес Одағының Батыр деген атағын алған жерлестеріміз: И.Ф.Павлов, Л.И.Беда, С.Баймағамбетов т.б. Әулиекөлдік И.Я.Сьяновтың ротасы Рейхстагқа бірінші болып жетті. Майдангерлердің аты-жөні жазылған 295 ескерткіш бар. 31 азамат Кеңес Одағының батыры, 9 азамат Даңқ орденінің толық кавалері атағын алған. 1999 жылы 7 мамырда Қостанайлық азаматтарына «Халық қаһарманы» атағы берілді. Ұлы Отан соғысына 73500 қостанайлық қатысты. 16 мыңға жуығы хабарсыз кетті. Соғысқа қатысқан 75 мың қостанайлықтардың 40 мыңнан астамы қаза болғандардың, госпитальдарда өлгендердің, хабарсыз кеткендердің, концлагерлерде азапталғандардың есімдері облыстық алты томдық «Боздақтар» ескерткіш – зерделік кітабына жазылғаны бәрімізге белгілі.

«Боздақтар» кітабының төртінші томында Ұлы Отан соғысында қаза тауып, туған жерге оралып, еңбек еткен ауылдық 22 ардагерлеріміздің есімдері жазылған. Қазір бұл кісілердің қатары жоқ, тек кейбіреуінің жұбайлары ғана тірі. Мектепте 9-мамыр мерекесінде ардагерлердің жұбайларын шақырып, кездесу сәтін өткізіп жүрміз. Ол кісілерге сый-сияпат жасап, құрметімізді білдіреміз. Бұл ардагерлеріміздің ұлы ерлігінің еш өлшемі жоқ және ол еш нәрсемен өтелмейді. Ардақты қарияларымыздың әрқайсысы даналықтың сарқылмас көзі, мәңгі тарихы. Олар біздің сый-құрметімізге лайық, олардың бәрі 1945 жылдың жеңісті мамырынан.

Естен кетпес отты жылдар жайында екінші дүниежүзілік соғыста жанқиярлық ерлік көрсеткен ержүрек қолбасшы, жазушы атамыз Бауыржан Момышұлының ғасырдан – ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа үлгі болар өнегесіне тоқталып өткенімді жөн көрдім. Атамыз малшы отбасында дүниеге келіп, 13 жасқа дейін ауылда, одан соң интернатта тәрбиеленеді. Мектеп бітіріп, біраз

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

уақыт мұғалім болды. 1932 жылы әскер қатарына алынып, мергендік өнерін үйренеді. Әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 жылы ССРО –Германия соғысы басталысымен генерал – майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы шайқастарда өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман –есен дивизиясына қосылды. Өзі қаншама ұрыс тағдыры шешілетін жерде болды.

1950 жылы Бауыржан Момышұлы Кеңес Армиясы Бас штабының арнаулы Жоғарғы әскери академиясын бітіріп, дәріс оқумен қатар шығармашылық жұмыспен де шұғылданды. Ол «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «1-дәрежелі Отан соғысы», екі рет «Қызыл жұлдыз», «Құрмет белгісі», «Ленин» ордендермен, медальдармен марапатталған. 1976 жылы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1990 жылы Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы атағына ие болды. Отанын сүюді Бауыржан Момышұлындай өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ. Ол: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу - сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Отан үшін отқа түс – күймейсің! Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды» - дейді. Болашақ ұрпақ осы атамыздың айтқан қағидаларын әрдайым естерінде ұстап жүрсе екен деймін.

Мен де жауынгер атаның ұрпағымын. Аты – жөні Тұрмағамбетов Қасымқан Бөрібайұлы Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол 1910 жылы Семиозер ауданы, Үшқарасу ауылында дүниеге келген. Кейін Науырзым ауданына қарасты Жамбыл ауылында тұрған. Науырзым деген киелі жердің сыйлы қарттарының бірі болған. Ұлы Отан соғысына 1943 жылы тамыз айында 33 жасында аттанған. Ленинград қаласында соғыста болған. Соғыс аяқталған соң, өз Отанына 1945 жылы мамыр айында қайтқан. Соғыстан оралғасын да ел үшін еңбек еткен жандардың бірі болды. Ауылға келгеннен кейін малшы, жылқышы болып жұмыс істеді. Атам Мықанқызы Азима әжеммен отбасын құрып, алты бала сүйген. Ол өте жақсы адам болған. Атамды барлық адамдар сыйлаған, әрдайым құрмет көрсеткен. Атам туған ауылында еңбек етіп, 1970 жылы зейнеткерлікке шыққан. Өзінің ерен ерлігі мен еңбегі үшін бірнеше мәрте орден, медальдармен марапатталған. Атам 1985 жылы 72 жасында қайтыс болды. Мен атаммен мақтана аламын, ол кісіні өзіме үлгі етемін. Болашақта елімнің адал патриот ұлы болғым келеді.

Ардагерлер, ұзақ өмір сүріңдерші,
Арамызда ардақ болып жүріңдерші!
Құрметтейік жеңісті мамырдағы,
Бақыттан рахаттанып күліңдерші!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ардагер аталарға бас иемін,
Қызығын сыйлаған бұл дүниенің.
Келешек ұрпағыңның бақыты үшін,
Батырлықпен қорғаған жаудан жерін
—деген өлең жолымен өз ойымды аяқтаймын.

Мақсұтбек Әйгерім

Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің
10 сынып оқушысы
Жетекші: Есенева Қаракөз
Тұрағалқызы

Жеңістің 71 жылдығы және Ұлы Отан Соғысы басталуының 75 жылдығы

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Мурзабаева Сабир

10 сынып, №1 орта мектебі,
Қостанай облысы, Таран ауданы.
Жетекшісі: Қабылдина Мақпал Досымбайқызы

Ұлы Отан соғысы

Соғыс атауы - құлаққа жағымсыз, тіршілікті қан жылататын, саты қайғы - қасіретке толы қаралы сөз. Неміс фашистерінің аңсап келген арманына төрт жыл ішінде батырларымыз қажымас ерліктерімен тосқауыл берді. Фашистер мақсаты - жер бетін отарлап, билік құру еді. Тынышымен өмір кешкелі жүрген халықтың берекетін алған фашистер жоспары іске аспай, өздері сол соғыстың зардабын тартты.

Соғыс - күйретуші күш. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы сол кездегі кеңес халқының ержүректігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын оқиға.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақ аралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман қалған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе? Солардың жанымен қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, аталық туын жықпай, аналық намысы үшін туған жердің топырағын жауға тартпай, еңіреп жүріп жеңіп, тауын шашып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн - Жеңіс күні! Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Бұл мереке - біз үшін де ұлы мереке! Біздің парызымыз - бұл күді ешқашан ұмытпай есте сақтау.

Алматы қаласында көптеген саябақтарында, көшелерінде олардың ескерткіштері қойылған. 1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс қаншама жанның өмірін қиды, қаншама отбасы ер жігіттерінен айырылып, қара жамылды. Сол соғыс қаншама бүлдіршінді жетім қалдырды. Елді жоқшылық, аштық жайлады. Тылда еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін тынбай еңбектенді. Олар майдандағы солдаттарды өз қамқорлығына алды. Соғыс адамзат баласын біріктірді. Олар бейбіт өмір үшін қасық қаны қалғанша күресті. Ұлы Жеңіс күні жылда 9 мамыр күні тойланады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Өткен жылы жеңісімізге 70 жыл толуына орай еліміздің түкпір - түкпірінде әртүрлі іс - шаралар, мерекелік кештер өткізілді. Қазақ жерін қорғап, жауға қарсы кеудесін тосқан қазақ батырларын айта кетсек: Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Қайрат Рысқұлбеков, Мәлік Ғабдуллин және тағы басқалары. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалды. Әрине, олардың орасан зор еңбегіне еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін!

Әр баланың жүрегі

«Әрқашан күн сөнбесін!

Аспаннан бұлт төнбесін!

Қасымда болсын Анам!

Болайын мен де аман!» - деп әндетеді.

Назарова Дарина

4 сынып, №24 мектеп-гимназия,

Қостанай қ.

Жетекшісі: Антаева Меруерт Темірқызы

Мен-соғысты жек көремін!

Тынық ауа, көгілдір ашық аспан, қызарған күн ұясына қимай батып бара жатқан сияқты. Алаңсыз ел өз тірлігімен айналысуда. Далада шулап ойнап жүгірген балалардың сыңғырлаған күлкісі естіліп тұр. Күн батты. Кеш түсті. Бәрі алаңсыз ұйқыда. Бұл тыныштықты, кенет ойламаған жерден жел соғып, мыңдаған үлкен қара құстар ұшып келіп, елдің ұйқысын бұзды. Ол нәзік ымыртты сіңіріп, өзімен бірге қорқынышты гүлдеген дыбысты әкелді. Барлық адамды бірден қорқыныш басып, мазасыз күйге салды. Бұл фашистік неміс ұшақтары еді. Ел іші ала-сапран. Еңіреген қарттар мен жүрек сыздата жылаған ана мен бала дауысы...

Бұл шілденің 16-сы таңғы сағат 4-тер шамасы. Соғыс-атауы құлаққа жағымсыз тіршілікті қан жылататын, асты қайғы-қасіретке толы қаралы сөз. Бұл соғысқа әр отбасынан қолына қару ұстай алатындай боз балалар мен әкелер аттанып жатты. Елдің іші босап қалды. Әр аулада бірең-сараң кемпір шал мен жас аналар мен балалар көрінеді. Қолынан іс келеді-ау деген жан біткен қара жұмысқа жегілді. Күні бойы еңбек етіп, астық жинап, мал бағып, киім тігіп, соғыстағы өрендерге жіберіп отырды. Боздақтарын соғысқа аттандырған жұрт әр күні хат күтеді. Салт атпен ауылға шауып келген пошташы бала кейбіреулерді қуантып, кейбіреулерді зар жылатып хат үлестіруде. Хат алған ана мен жас келіншектер қуанғаннан көз жастарын төгіп-төгіп алады. Кейбіреулері хатты ала салысымен зар еңіреп, айналасында жұбату айтқан ауыл адамдары. Бұл көрініс күн сайын жалғасын таба берді. Соғыс атауы жер бетіндегі тіршіліктің бәрін жалмап жұтатын ажал еді. Бұл қасіретті күндер менің отбасымда да болған.

Әкемнің айтуынша атам Назар Аралұлы 1940 жылы шілде айында соғысқа аттанады. Атамның ол кезде жанұясы бар еді. Жап-жас отбасы бала күтіп жүрген. Атам Ташкент қаласында дайындықтан өтіп жатқан да, ол жерге үлкен ағасын да алып келеді. Содан кейін оны Волгоград қаласына жөнелтеді. Ал ағасын Украин жеріне алып кетеді. Атам сауатты адам, хат танитын еді. Сұрапыл соғыс кезінде ол қай жерге барғанын, қайда екенін хат арқылы жазып, жіберіп отырады. Ал ағасы Алмағанбет Аралұлы сауаты болмаған, сол себептен әлгі күнге дейін хабарсыз. Менің атам соғыс кезінде Сталинград, Волгоград қалаларын азат етуге қатысқан. Будапешті фашистерден азат етіп, Берлин қорғанына дейін жетті. Фашистерді жеңіп Берлин қаласында, жеңіс туы желбірегенде, Қошқарбаевтың ту тіккен сәтіне куә болғанын айтып берген. Соғыста өзінің көптеген достарының қаза тапқанын, оларды жерлеп, басына белгі қалдырып кеткенін ол туралы сол менің атам қойған белгімен,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

хабарсыз кеткен туыстарын тауып алып, алғыс айтқан адамдар болды. Сол соғыста 1945жыл мамыр айында атам жарақат алады. Соғыс біткеннен кейін 1945 жылдың қарашасында өзі туған еліне аман-есен оралады. Атам Назар Аралұлы қандай ауыр күндерді бастан кешірсе де өмірінің соңғы деміне дейін халыққа, еліне қызмет еткен. Жетім-жесірлерге көмектескен. Мектеп интернаттың директоры болып жұмыс атқарған. Атам-менің мақтанышым. Атамды елі сыйлаған азамат, ауыл ақсақалы ретінде таниды. Атамның көптеген орден медальдары бар. Осыдан 75жыл бұрын жер бетін шарпыған сұрапыл Ұлы Отан соғысы қаншама отбасына қайғы әкелді. Неміс фашистерінің аңсап келген арманын 4 жыл ішінде батырларымыз қажымас ерліктерімен тас-талқан етті. Фашистер ойы жер бетіндегі тыныш жатқан халықты, отарлап билік құру еді. Өзара одақ құру арқылы Германия, Италия секілді елдер бүкіл әлемді өздеріне қаратпақ болған. Тынышымен өмір кешкелі жүрген халықтың берекетін алған фашистер жоспары іске аспай өздері сол соғыстың зардабын тартты. Бұл соғысқа, 61 мемлекет жан жақтан атсалысты. Қазіргі таңда батырларымыздың ерлігіне орай шаралар өтуде, тіпті есімдеріне байланысты көшелер, кітаптар, ауыл атаулары берілуде. Олар болашақ ұрпақ үшін жанын құрбан етті. Қазіргі ұрпақ жазбаша немесе кинолар арқылы көре алады. Жас ұрпақтың осындай тыныш бейбіт күнде өмір сүру үшін аталарымыз қан төгіп, жан берді. Олардың ерліктерін әрқашан есте ұстап, құрмет тұтуымыз керек. Біз тойлағалы отырған Ұлы жеңістің 75 жылдық мерекесі, әрбір адам үшін ең қымбат жүрегінен орын алатын күн болып қалу керек. Себебі ержүрек аталарымыз осы күнді бізге сыйлады. Барша халық ашық аспан астында, бейбіт күнде өмір сүрсін! Балалардың балдай шат күлкісі кетпесін! Ешқашан еш жерде соғыс болмасын! Соғыстың аты өшсін! Мен-соғысты жек көремін!

Назарханов Мейірімхан

Рудный музыкалық колледждің
1 курс студенті

«Ұлы Отан Жеңіске 71 жыл»

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Осы шығармамды «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңнен бастағым келеді: сөзі: С. Мәуленов, әні: Т. Әбілхатич.

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4-те тыныш ұйқыда жатқан елді фашистік Германияның қарулы әскері Белоруссия жеріне басып кіреді. Міне, осылай Ұлы Отан соғысы басталыпты. Соғысқа елімізден 1 миллионнан астам азамат аттанып, 800 мыңы қайта оралып, 600 мыңы ерлігі үшін түрлі марапатқа ие болған еді.

Соғыс - атауы құлаққа жағымсыз, адам баласы үшін ең үрейлі, асты қайғы - қасіретке толы ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды.

Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды...

Фашистік Германия тізе бүкті... Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени қазынаны құртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек, жеңіс сонысымен қымбат. Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды. Содан бері зымырап 71 жыл өте шықты.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар (бұлардың 3 мыңдайы қазақстандықтар) Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Фашистер мақсаты жер бетін отарлап билік құру еді. Өзара одақ құру арқылы Германия, Италия секілді елдер бүкіл әлемді өздеріне қаратпақ болған. Тынышымен өмір кешкелі жүрген халықтың берекетін алған фашистер жоспары іске аспай өздері сол соғыстың зардабын тартты. Бұл соғысқа білемлекет жан жақтан атсалысты. Б. Момышұлы, Ә. Молдағұлова, М. Маметова, Т. Бигелдинов, М. Ғабдуллин секілді батырларымыздың ерлігі арқасында қазіргі тату өмірімізге бейбіт заманымызға қуанышты күнімізге жеттік. Батырларымыз болашақ ұрпақ үшін жанын құрбан етті, Жеңіс үшін не істемеді десеңші? Сол себепті батыр ата-әжелеріміздің ерлігін ұмытпай, жадымызда мәңгі сақтайық!

1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес одағының Батыр атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді.

Ұлы Отан соғысы халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз жүрегімізден алып тастай алмаймыз. Отан қорғауға ерлер мен әйелдердің құқығы тең болған еді. Сондықтан әйелдерде Отан үшін күресіп, жауға қарсы тұрды. Шығыстың екі батыр қызы М. Мәметова мен Ә. Молдағұлова осы соғыстың батыр құрбандары болды. Халықтың басына қиын қыстау кез туғанда М. Мәметова және Ә. Молдағұлова сияқты біз көмектесуге, күресуге дайынбыз. 1418 күнге дейін созылған Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихында өте күрделі кезеңдердің бірі. Соғыстың барлық ауыртпалығын қарапайым солдаттар мен офицерлер көтерді. Олар рейхстагқа Жеңіс туын тіккен болатын. Бөлімшенің жауынгерлері мен офицерлері қазақ халқының батырларын зор құрметпен жерледі. Ата - бабаларымыз майданға жан аямай арпалысты. Олар біз үшін, біздің болашағымыз үшін, туған жеріміз үшін, туған тіліміз үшін жауға қарсылық білдіріп, үлкен ерліктер көрсетті. Біз енді осы ата – бабаларымыздың үмітін ақтауымыз керек. Себебі, болашақ біздің қолымызда.

Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет - журнал материалдары немесе кинолар, радио телехабарлар ата - бабаларымыздың ерлігін мақтаныш тұта жеткізді. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Мен соғысты жек көремін. Соғыс адамдарға азаптан басқа ештеңе бермейді. Елімізді қорғау үшін адамдар соғысқа аттанады. Бірақ бұл соғыстан тек кейбір адамдар тірі қалып, үйлеріне барады. Қайтыс болған адамдардың үйлеріне қара хат жіберіледі. Зар жылап отырған аналар үмітін үзбей, оларды күтеді. Баласының өлгенін ешқандай ана мойындамайды. Сөйтіп жүріп, ауырып, бұл дүниеден өтеді. Осындай жағдайды ойласам, көңіл - күйім түсіп, көзімнен жас шығады. Мұндай соғысты кім жақсы көріп, кім қалайды. Мен соғыстың ешқашан болмағанын тілеймін.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.

Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін әрине біледі. Қазіргі таңда қаншама елдің бірлігінің бұзылған уақытында тату - тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер, шынымен де бақыттымыз. Бұл тәуелсіздік менің Отаныма берілген тәңірдің сыйы. Аналар да, балалар да жыламасын, даламыз жұтамасын. Ұланғайыр кең даламды соғыс өрті шарпымасын. Бұл әрине барлық адам баласының арман - тілегі. Бейбітшілік жасасын!

Алдағы уақытта да ел қорғаны бола білген арда азаматтарымызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт тілеймін. Еліміз тыныш, бейбітшілігі бекем, жұртымыз аман болғай!

Шығармамды мына өлеңмен аяқтаймын!

«Шүйінші, халқым, шүйінші!»

Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жендік жауды күресте
Жасалсын той-мереке».

Т. Жароков

Нургазина Анеля

9 сынып, Федоров орта мектебі,
Ұзынкөл ауданы, Қостанай облысы
Жетекшісі: Оспанова Сабира Мұқашқызы

Ер есімі-ел есінде

Шығарманың ұраны:

Жеңіс

Қасиетті мен ауыр

Халықтарды нығайтады, көмектеседі және бізге дейін жетеді.

Жеңіс біздің ата-бабаларымыздың батырлығы.

Жетісі, салтанат, мейрам.

Қазақ ел басына ауыр күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген ержүректе, жауынгер халық. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген үрей сезімін алып тастап биікке көтерген. Оның анық дәлелі намысын ел тарихындағы аты аңызға айналып, өшпес ерлік жасаған батырлар есімі куә. Ұлы Отан соғысының тарих парақтарында алтын әріппен жазылған Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов пен Төлеген Тоқтаров, Нүркен Әбдіров пен Қасым Қайсенов т. т б есімдері мәңгілік өшпейді.

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл көктемде 71 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Бала жасынан бейнетті көп көріп, ерте жетім қалған Садықан Қазыбаевты өмір үлкен сыннан өткізіп, шыныққан құрыштай етіп шығарған. “Жүзге жетпей, өмірден өтерім жоқ” деп әзілдей айтса да, өзіне қайрат бере сөйлейтіні де сондықтан.

Сәкең – Жамбыл ауданындағы Айтуар ауылының тумасы. Ашаршылық ауыртпалығынан жан сақтау үшін оның отбасы 1931 жылы аудан орталығы – Пресновкаға көшіп келген, әкесі Қожахмет сондағы “Сталин” ұжымшарында ағаш шебері болып істеген. Ел басына түскен аштық зардабынан орыс ағайындардың арасында жүріп, аман қалғандары анық. Алайда, “Жұт жеті ағайынды” дегендей, бала басына түскен ауыртпалық аз болған жоқ. Он жасында анасы Мүслимадан айрылды, одан әрі білім алу туралы ойлау да

мүмкін емес еді. Өмір бақи үш-ақ сынып орыс мектебінің білімімен шектеліп қалғаны да сондықтан. Көп ұзамай әкесі істі болып, қамауда жатып көз жұмды. Отбасында қалған бес баланы әкесінің апасы Мәкен өз қолына алды. Жөкшылық жылдары оның қандай өмір болғаны белгілі, амалсыздан 13 жасынан еңбекке араласуына тура келді. Ұжымшарда мал бақты, дала жұмыстарында өгіз басына отырды. Әйтеуір не керек, іні-қарындастарының күнкөрісіне септігін тигізіп, Ұлы Отан соғысы алдында тізе бүкпей еңбек етті. Сол бір кездегі толарсағынан боз қырау кешіп, не ішер асқа, не киер киімге жарымаған күндері еске түссе, әлі күнге дейін сай-сүйегі сырқырайды. Соғыс басталған жылы астық жаман шыққан жоқ. Бірақ соны дұрыс жинап алатын жұмыс күші жетпей жатты. Ұжымшардағылар тайлы-таяғы қалмай егінді маялап үйіп, оны кейін қыста соғып алды. Сол кезде кәмелеттік жасқа жетіп қалған Сәкенді ұжымшар басшылары жұмыстың тек ұрымтал тұсына жұмсайтын. Жастайынан еңбекпен шыныққан ол өте қажырлы еді, астық маясын айырылап лобогрейка өңешіне лақтырғанда оған тең келетін жан табыла бермейтін.

Жастайынан өмір көрігінде қайнап, әбден ысылған оған майданның жорықты жолдары өзгелерге қарағанда жеңілдеу тигені рас. Әрі орысша аздап сауаттылығы да бар, тілден қиындық көрген жоқ. Он сегізге толған өндіріс жас әскерге 1942 жылдың жазында шақырылып, Алтай өлкесіндегі Бийск қаласында дайындықтан өткен соң келер жылдың наурыз айынан бастап соғысқа кіреді.

– Екі соғысты басымнан өткердім. Әуелі Малиновский қолбасшылық еткен 2-ші Украин майданындағы 73-ші жаяу әскер дивизиясының құрамында Харьков, Молдавия, Румыния, Австрия және Чехословакия бағытындағы азат ету ұрыстарына қатысып, неміс басқыншылары тізе бүккеннен кейін Қиыр Шығыстағы жапон милитаристеріне қарсы шайқастым. Батыс майданында жаудың әуе шабуылы кезінде бір рет қатты контузия алғаным болмаса, денеме сызат салған басқа жарақатым жоқ. Жаяу әскер – майданның алғы шебіндегі жасақ, кез келген соғыс қимылдарынан соң оның қатары мүлде сиреп қалады. Сол себепті қатардағы жауынгер болғаныммен, ұрыс кезінде взвод басқарған кездерім де болды. Мәселе шен мен дәрежеде емес, соғыста алдымен бас амандығын тілейсің, “Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі” демекші, әйтеуір, дәм-тұзымызды елден жазды ғой, – дейді Садықан ақсақал сонау отты жылдарды еске алып.

Айта берсе, оның әңгімесі таусылатын емес. Мысалы, жапонның Квантун армиясын талқандағаннан кейін ондағы кеңес әскері Қытай жағына қолдау жасап, басында Мао Цзедуннің жеке басын күзетуді де өздері жүргізіпті. Ақсақал сол күзеттің құрамында болғанын айтады.

Сәкең әскерде бес жыл қызмет атқарып, елге 1947 жылы ғана оралыпты. Үйде бір інісі мен бір қарындасы ғана қалған екен, өзінен кейінгі бір інісі әскерге алынып, ал бір қарындасы тұрмысқа шығыпты. Өзі де бірден үй

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

болуды ойлады, Жарқын ауылынан Рабиға есімді қызбен көңіл қосып, шаңырақ көтерді. Оған Мәкен апасы шама-шарқынша той жасап берді. Еңбек десе, елегізіп тұратын Сәкең бірден Преснов орман шаруашылығына қатардағы орманшы болып орналасты. Содан табан аудармай 37 жыл жұмыс істеп, зейнет демалысына шықты. Бауырынан тараған жеті баланы өсіріп-оқытып, бәріне жоғары білім беру үшін молырақ мал ұстап, үй шаруасын күйттеді.

Балалар демекші, бәйбішесі Рабиға әжей екеуі бүгінде солардың қызығына кенеліп, 14 немере және 4 шөбере сүйді. Отбасына ұйытқы болған асыл ана бұрнағы жылы алтыннан алқа тағып, елінің көпбалалы анаға деген құрметіне бөленіп отыр. Ерлі-зайыпты үйелмендердің бағына қарай Алла тағаланың оларға берген тағы бір сыйы – 65 жыл бір шаңырақтың астында түтін түтетіп келе жатқандары. Бұл ілуде біреудің ғана маңдайына жазылған бақыт. Соғыс ардагері мен тыл еңбеккерінің отбасына өткен жылы қаланың жаңа ауданынан жайлы коммуналдық пәтер берілді.

– Осындай жақсылық жасап, еңкейген шағымызда екі бөлмелі пәтер беріп, қолымызды жылы суға тигізген алдымен Елбасына және облыс, қала басшыларына айтар алғысымыз мол, – дейді олар.

Жылдағы Жеңіс мерекесі – Садықан Қожахметұлы үшін қашанда үлкен мейрам. Қалаға көшіп келгелі мәңгілік алау басындағы салтанатты жиыннан қалып көрген емес. Мерекеге бәйбішесі Рабиға ақсақалының төсі орден мен медальға толы костюмін күні бұрын дайындап қойыпты. Оларды көріп, майдангердің жеңісті жолына қаныға түстік, атап айтқанда, Харьковты, Кишиневті, Будапешті, Венаны жаудан азат етуге қатысқанын білдік. Өңірінде Отан соғысы орденінен басқа Германияны және Жапонияны жеңгені үшін медальдары да жарқырайды.

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата апаларымыз аман болсын!

Келешек еліміздің дархан даласы кең,аспаны ашық болсын!
Жұдырықтай жұмылған,білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!
Патшаға таупиық берсін,еліміз аман, Отанымыз тиыш болсын!

Сакенова Сабина

9- сынып, Оразалы Қозыбаев атындағы
Қаратал орта мектебі, Қостанай обл.,
Мендіқара ауданы.

Жетекшісі: Мурзахметова Динара Жанахметовна.

Өшпес жара

Бұл тақырыпта шығарма жазу үшін көп ойландым. Неге десеніз, үш бет жазайын, жүз бет жазайын жүректе жатқан сол бір жараны тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Менің атам да Ұлы Отан Соғысының ардагері еді. оның айтқан әңгімелері есімде жоқ. Мен онда мен 3-4 жаста болатынмын. Анамның айтуынша атам 21 жасында майданға аттанған екен. Соғыстың қалай болғанын атам айта қоймапты. Есіңе түсіру атам үшін қиын болатын. Мәскеу үшін болған шайқастарды еске ала келіп, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, белгілі жазушы Бауыржан Момышұлы былай деп жазады: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік».

Қанша үйдің ұрлап адамын.

Қанша үйде сөніп қалды оттар,- деп ақындар жырлағандай, әр шаңырақта, әр жүрекке салған жара 71 жыл өтсе де әлі жазылып қойған жоқ. Өз үнін білдіруге әзір елгезек халық ақындары мен жазушыларының шығармалары бұл жылдары ерекше шабытқа толы болды. Олар жазушылар мен ақындардың туған халқына қалтықсыз қызмет етіп, соның мұңын мұңдап, жырын жарлауының айқын айғағы еді. Бұл шығармаларда неміс фашистеріне деген кекпен өшпенділік, халықты ізгі күреске шақыру, үндеу сарыны көрінді. Әсіресе Отанға төнген қауіп 96 жастағы қарт ақын Жамбылды тыныш жатқызып қоймады. Соғыстың алғашқы төрт жылында ол үш мың жолдай жыр төкті. Олардың ішіндегі ең көркемі әрі құндысы « Ленинградтық өренім» Толғауы еді. Бұл өлең 1941 жылы 900 күн мен 900 түн қоршауда қалып, елден бөлініп, қиын шақты басынан өткізген қаһарман Ленинградтықтарға арналған болатын. Бұл толғауы Ленинградты қорғаушыларға зор қуат берді. Соғыс жылдары бір қолына қалам ұстаған өршіл рухты, сыршыл батырымыз, жан дүниесі шымырлатқан шерге толы ақыным Қасым Аманжолов болды. Ақын өлеңдерінде Отанға деген шексіз махаббатын керемет суреттейді.

Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Қолдан келместей көрінгенімен сол кездері нәзік жанды әйелдер кез келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашан да жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіпті, дәл осы қыздардың бар болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш қуат берді.

Ерліктің қос қанаты деп білемін

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді,- деп есімдерін ән- жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. Мәншүк апайымыз Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендікпен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарына алтын әріппен жазылып қалды, осы ерліктің қос қанаты Әлия мен Мәншүктің ерліктері біз үшін, болашақ ұрпақ үшін үлкен өнеге. Соғыстан кім қорықпайды? Мен де қорқамын. Қазақтың қос аруы сияқты менде сондай ерлік жасай алам ба деген сұрақ туғанда, көп ойланбай ия деп жауап беремін. Неге десеңіз, Отанға деген, халқыма деген махаббатым шексіз. Отан үшін от басып, су кешіп жүруге дайынмын.

Ер есімі- ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз батырларын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткен, олар ішін Отан үшін қасық қандары қанғанғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендері әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Қазақ халқы, жеңістерін құтты болсын! Әрқашанда аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын!

Салауатов Ербол

Торғай аграрлық-техникалық колледж 3 курс
Жетекшісі: Балмашева Багила Кенжеғарақызы

Атам жайлы естелік

Менің ұлы нағашы атам Құлжанов Үкітай Құлжанұлы 1918 жылы дүниеге келген. 1938 жылы Совет армиясының қатарына алынған. 1939-1940 жылдарда Совет Фин соғысына қатысып, атты әскерде болған. Әскер қатарынан 1941 жылы Ақпан айында босатылуға тиісті екен. Бірақ, Қазақстанға қайта орала алмай Ленинград қаласында қалдырылған. Совет үкіметі екінші дүниежүзілік соғыстың болатынын болжап, Ленинград қонақ үйлеріне орналастырып рұқсат етпеген. Атам Ұлы Отан соғысы жылдарында Ленинград фронтының атты әскерінде соғысқа қатынасыпты. Ленинград Фронтын басқарған лейтенант Поповтың қарамағындағы атты әскерінде «Воскресенское», «Родина Еремина» таулы жерлерінде соғысыпты. 1941жылы 8-інші Қыркүйекте блокадада қалыпты. Үкітай атамның әңгімесінде соғыста үлкен қайғылы, естен кетпес, қан жұтатын оқиғалары көп болыпты. Ойламаған жерден Неміс самалеттері бомбалай жөнелгенде, жазықсыз сәбилер, қариялар, бүтін бір жанұя да, өртеніп қаза болыпты. - Соғыста бес атар мылтықпен бес рет атқанда, мылтықтың басы қызарып, тез қызып кете береді, оны суығанша күтіп отыратынбыз, Немістердің технологиялары өте күшті дамыған, қолдарында оқ жаудыратын автоматтары бар болатын, біз мылтығымызды оқтағанша, олар оқты жаудырып жіберетін, осындай кезде көптеген жауынгерлерлерімізден айрылды. Осы кездерде әскерімізбен бірге соғысып жатқан жерімізге жауларымызды майдан сызығынан өткізіп алдық, орман арасында өзіміздің майдан сызығымызға жеткенімізше, екі аптадай уақыт зымырап өте шығатын. Соғыста азық-түлік таусылып қалатын да кездер болды. Күз айында әсіресе аш өзек жауға қарсы шабуылға шығамыз. Ертеңгі еліміздің жау қолына өтпеуі, негізгі арманымыз ғой, аштық ондайда ештеңе емес. Ұрпағымызды немістердің құлы, күңі қылмай, отанды қорғау деген мақсат аштықты жеңіп кететін. Кейде бомбалауға келді деп ойлап үрейлендіретін ұшақтар қаптап кететін, жанымыз жай таппай, қайғыланатынбыз. Әлгі ұшақтар бомба емес, азық-түліктер лақтыратын. Өз әскері жатқан аймақтан шатасатын болу керек. Қапшық-қапшық тамақтың астында қалатынбыз. Аш болған соң, әлгі тамақтарды алып жеген күндер де болды. Ең қызығы жаңағы тамақтардың ішінде тіс өтпейтін, бір уыс қана нан болды. Бір кеште бәріміз отқа су қайнатып отырғанда, арамыздағы бір жауынгер нанды суға салып жіберді. Аз уақыттың ішінде нан үлкейіп, үлкен тапа нан болып шыға келді. Бәріміз таң қалып, қуанып, мәз-майрам болысқанымыз есімізде. Бүгінгі қуаныш ертең қайғы-мұңға ұласатын. Кешегі бір үзім нанды бөліп жеген, әңгімелескен жауынгер көз алдымызда қансырап, өмірмен қоштасатын. Адамдардың дене мүшелері шашылып

жатқанын көргенде, өзімді жайсыз сезініп, денем түршігіп кететін. Сонда да, «Отан-оттан ыстық»-екен. Жауға қарсы шабуылға өршеленіп, кеткен кекті қайтаруға ұмтылатынбыз. Бойымызды қорқыныш билемек түгел, ерегесіп кететінбіз. Осындай күндердің бірінде мен жараланып, есімнен танып, сол жерде өліп кете жаздаппын. Жарылған снаряд бөлшектері денеме кіріп кетіпті. Есімді жинасам, мылтығым қасымда жоқ екен, айнала іздеп айғайлай жөнеліппін. Бір медбике келіп, кеудемді басып,-«уайымдамаңыз, сіз әскери ауруханадасыз»-деп көңілімді орнына түсірді.

Соғыста бір қатал заң бар қолындағы қарудан айырылмау керек, айырылсаң, ситровбатқа жібереді. Снаряд жабылғанда, мен өте қатты жарақат алыппын, жарты денеме снаряд жарқшақтары кіріп кетіпті. Ота жасау барысында, бір жарықшақты ала-алмапты. Ол жүрегімнің дәл ұшына кірген екен. Сол күннен бастап мен соғысқа жарамсыз болып, елге қайтарлдым. Сол қолым жансызданып, жұмыс істеуге мүлдем жарамсыз болып қалды.

Менің атам жарақатына байланысты елге келген. Қостанай облысы Жітіқара ауданы Толыбай аулына келіп, бірнеше жылдар есеп-қисап бөлімінде қағаз жұмысымен ғана айналысқан. Уақыт өте келе үйленіп бала-шағалы болған. Төрт қызы-бір ұл баланың әкесі. Үлкен қызы- менің нағашы әжем. Үкітай атам 1976 жылы күз айында дүниеден өтті. Соғыстан алған ауыр жарақатының жүрегінде қалып қойған соңғы жарықшағы менің атамды дүниеден алып кетті. Бұлтты күндерде жүрегі шаншып ауырғанда, атам соғысты есіне түсіретін көрінеді. Сәл ойланып, қамығып, сәлден соң, жүзін қуаныш кернейді екен. «Атам арманыма жеттім, кейінгі ұрпақ бейбітшілікті көрді, оның жанында менің жүрегімнің жарақаты ештеңе емес»-дегенді айтады екен. Мен атамды көрген жоқпын, ол кезде менің анам да бала болған. Атамның өз отанын шын сүйген нағыз батыр болғанын әжемнің әңгімесінен, атам айтқан естеліктен білемін. Соғыс енді ешқашан болмасын дегенді барлық жер жүзіндегі адамзат баласына тілеймін!

Салменова Мараш

6 - сынып, №1 орта мектебі,
Қостанай облысы, Таран ауданы.
Жетекшісі: Қабылдина Мақпал Досымбайқызы

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Соғыс, соғыс. Қандай суық сөз бұл! Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Ауылдан сан, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды.

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып – типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмасжараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр – қайратының бірлігінің дәлелі еді.

Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы жиырма екінші маусымда Германия КСРО – ға опасыздық пен шабуыл жасады. Сол күні еңсес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырды. Майдан даласына қаншама қазақ азаматтары да белін бекем буып өз ұрпағының келешегі үшін аттанды...

Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестетеін газет – журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жетпіс бір жылдай уақыт өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали атамyzдың мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқынын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдардың қарасы жыл санап азайып бара жатыр емес пе?! Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында қазақстанджықтар шайқасқан. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, жиырма сегіз

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Соғысқа қатысушылар ерлігі еш ұмытылмас. Батыс шекарада алғашқы соққыны күтіп алған Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл жетпіс бір жыл. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін әрине біледі. Қазіргі таңда қаншама елдің бірлігінің бұзылған уақытында тату – тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер, шынымен де бақыттымыз.

Жатқанда отан жері отқа жанып,
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,
Жігіттің неге жүрміз атын алып?
Жеңеміз! Жеңіс – совет адам аты.
Біздерміз азат етер адамзаты.
Сенемін Партияма, ер халқыма,
Қандай күш бұл дүниеден одан артты?!

Сапарова Аймекен

Н.Г. Иванов атындағы орта мектебі, 10сынып
Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосы
Жетекшісі: Мырзағалиева Фариди Шамбыловна

Ұлы Отан соғысының басталуына 75 жыл

Жаутаңдап қарап дала тұр, ,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Сырбай Мәуленов

Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы жарқын. Келешек ұрпақтың ұйқысы тыныш, тамағы тоқ, киімі көк. Әр қазақ баласының бал- бұл жайнаған жүздерін көреміз. Аллаға шүкір, уайымсыз бейбіт өмір кешудеміз. Алайда, осы бейбіт өміріміздің қалай келгені, қаншама қан төгілгені туралы жадымыздан шығару мүмкін емес.

Осыдан 75 жыл бұрын жер бетін шарпыған сұрапыл Ұлы Отан соғысы келді. Халқымыздан береке қашып, тыныш ұйқымыздан айырылды. Бұл соғыс қаншама жас қазақ жігіттерінің өмірін қиды. Қаншама ананы баласыз қалдырды, қаншама бейкүнә сәбиді асқар тауы әкесінен айырды. Қаншама нәзік жанды қыздарымызды сүйгендерінен айырды. Әрине, қайтып келгендері де болды. Бірақ, оларда саусақпен санарлықтай еді. Отанына келген жауынгер батырлардың басым көпшілігі мүгедек болды. Міне, осылайша

Ұлы Отан соғысы қазақ халқының тарихында өшпес орын қалдырды.

Неміс фашистерінің аңсап келген арманына 4 жыл ішінде батырларымыз қажымас ерліктерімен тосқауыл берді. Фашистер мақсаты жер бетін отарлап, билік құру еді. Тыныш өмір кешіп жүрген халықтың берекетін алған фашистер жоспары іске аспай, өздері сол соғыстың зардабын тартты. Бұл соғысқа 61 мемлекет жан-жақтан атсалысты.

Б.Момышұлы атамыздың ерлігі тарихта өз ізін қалдырды. Ә. Молдағұлова, М. Маметова, Т. Бигелдинов, М. Ғабдуллин секілді батырларымыздың көрсете білген ерлігі зор. Бірақ, бір өкініштісі отанымызды қорғаған ардагерлеріміздің күннен күнге азайып бара жатқаны. Мына бір Мұқағали атамыздың өлең жолдары жүрегімді тебіrentпей қоймады.

Б.Момышұлы атамыздың ерлігі тарихта алтын әріппен із қалдырды. Ә.Молдағұлова, М.Маметова, Т.Бигелдинов, М.Ғабдуллин секілді

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

батырларымыздың көрсете білген ерлігі зор. Бірақ, бір өкініштісі отанымызды қорғаған ардагерлеріміздің күннен күнге азайып бара жатқаны. Мына бір Мұқағали атамыздың өлең жолдары жүрегімді тебірентпей қоймады.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр

Ардагерлеріміздің жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға татпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да, бұл- Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастардың аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған және қамқор болып отырған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ешқашан ұмытпайды.

Төлебай Мадина

10 сынып, Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі

Қостанай облысы, Жангелдин ауданы

Жетекшісі: Есенева Қаракөз Тұрағалқызы

1941 жылдың 22-маусымы, таңғы сағат төрт. Бұл күні талай шаңырақты от шарпып, миллиондаған адамның өмірін жалмаған адамзат тарихындағы ең сойқан соғыс басталды. Фашистік Германия Кеңес Одағына басып кірді. Ұлы Отан Соғысы деген атпен тарих дәптерінің парағына қанды әріптермен таңбаланған зұлмат қантөгістің алапатынан қазақстандықтар да шет қалмады. Соғыс жылдары Кеңес Одағының өзі 27 млн. боздағын жоғалтты. Осыдан 71 жыл бұрын Қазақстанның өзінен майданға 1 млн. 196 мың 164 қаракөз қазақ баласы аттанды.

Бүгінде 90-ның төріне шыққан Айтжан ақсақал қырғын уақыттың бел ортасына 19 жаста аттанып, аман қайтқан ардагердің бірі. Соғыс басталды деген суық хабар ел арасына тарағанда, жаман сөзден бүкіл елдің дүрліккенін айтады. 1941 жылғы маусымның 13-інде С. Тимошенко пен Г. Жуков Киев ерекше әскери округының басшыларына 1941 жылғы шілденің 1-іне дейін барлық «тереңде орналасқан» дивизиялар мен корпус басқармаларын мемлекеттік шекараға жақынырақ орналасқан жаңа лагерлерге жылжыту туралы директива шығарды. Осы сияқты директива сол кезде Батыс ерекше әскери округының басшыларына жіберілді. Маусымның 14-інен 19-ына дейін шекара маңы округтарының басшылары маусымның 22-23-іне дейін майдандық (армиялық) басқармаларды далалық пункттерге шығару туралы бұйрықтар қабылдады. К. Рокоссовский былай деп жазған: «Біздің авиацияның алғы шептегі аэродромдарда шоғырландырылуына және орталық маңызы бар қоймаларды майдан маңындағы аумақта орналастырылуы алға секіріс жасауға жүргізілген дайындық сияқты болып көрінді де, әскердің орналасуы мен әскерде жүргізілген шаралар соған сәйкес болмады». Б. Шапталов бұл жайттарды былай түсіндіреді: Сталин 1941 жылдың шілде-тамыз айларында неміс әскері Ұлыбританияға десант операциясын жасап, басып кіреді деп күткен болатын. Осындай операция жасала салысымен Сталин Польшадағы неміс әскерлеріне соққы беруді көздеді. Әскер шабуыл қимылдарына дайындалып келгендіктен және ауқымды әскерлер мен қоймалар шекараның маңында орналастырылғандықтан, бірақ артиллерия әлі де полигондарда болып, авиация дала аэродромдарында сиретіліп орналастырылмағандықтан, 1941 жылғы маусымның 22-сінде шекара маңындағы әскери округтардың әскерлері тиімді қорғаныс ұйымдастыруға мүмкіндіктері болмай, шекара маңындағы ұрыстарда тез талқандалды.

Сталиннің Германияға қарсы шабуыл жасауға дайындалып келгендігі туралы болжам алғаш рет Гитлердің КСРО-ға шабуыл жасағаннан кейін Германия

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

халқына сөйлеген сөзінде және Германия елшісі Шуленбургтың Молтовқа тапсырған ресми нотасында айтылды. КСРО жеріне басып кірудің алдында Кеңес Одағы Германияға шабуыл дайындап жатыр деген қауесет герман әскерлерінде жүгізілген насихаттың бір бөлігі болды. Вермахттың бір жауынгері сол оқиғаларды былай еске алады:

«Соғыстың басында бізге насихатталған басты ой мынау болды: «Ресей келісімді бұзып, Германияға шабуыл жасайын деп жатыр. Біз тек жылдамырақ әрекет еттік». Сол кезде бұған көп адамдар сеніп, Сталиннің шабуылының алдын алғынымызды мақтан тұтатынбыз. Арнайы майдан газеттерінде бұл туралы көп айтылды. Біз соларды оқып, офицерлерді тыңдап, сенетінбіз» — Гелмут Клаусманн, 111-ші жаяу әскер дивизиясы. Менің атамда Ұлы отан соғысына қатысып өзінің азаматтық борышын өтеген Мырзағали Иманғалиев 1921 жылы Торғай селосындағы кедей шаруа отбасында өмірге келді. 1933-1939 жылдары Торғай қазақ орта мектебінде оқып, білім алды. 1939 жылы Мырзағалиді әскери борышын өтеуге шақырады. Әскери борышы Ұлы отан соғысына ұласты. жауынгер Мырзағали Иманғалиев «Дугластан» десант болып Днепр сыртына секіріп, киевті жаудан алғашқылардың бірі болып азат етуге қатысты. жеңісті өз қолымен жасаған, майдангер Мырзағали 1946 жылы елге оралды. ол кісі 2003. 30.01 жылы дүниеден өтті. Кәзіргі таңда Қазақстан өз алдына жеке дара мемлекет. Тәуелсіздікті алуына осы адамдардың септігі тиді. Кәзіргі кезде ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар бірен саран. Қасиетті Торғай жерінде де соғысқа барған адамдар мыңнаң астам адам барған ал кәзір өкініштісі майдангерлер жоқтың қасы алайда Торғай халқы соғыстан оралмаған батырларға арнайы есімдерін жазып ескерткіс орнатқан. сол ескерткішке 9-мамыр күні сол адамдарды еске алып гүл шоғы қойылады. Ескерткіште менің атам Ысқақ мырзағұл атамның есімі жазылған ол кісі жайлы ешқандай мәлімет жоқ. Ал біз Қазақстанның келешек ұрпағы ол кісілерді ешқашан ұмытпауымыз керек.

Ешкімде ұмытылмайды,
Ешнәрседе ұмыт қалмайды.

Тұрмағанбетова Гаухар

Торғай аграрлық—техникалық колледж, 1 курс
Арқалық қаласы, Қостанай облысы
Жетекшісі: Кенжалиев Шынғыс Темірбекұлы

Ұлы Жеңіске 71 жыл

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Осы бір сұрапыл соғыста елім деп еміренген есіл ерлер, елдің ертеңі үшін жан аямай күресті. Басқа шауып төске өрлеген басқыншылардың меселін қайтарды. Бүгінде 130-дан астам ұлтпен ынтымағымыз жарасып, бейбітшілік бесігінде тербелуіміз біз үшін қанын да, жанын да салып соғысқан ержүрек аталарымыз бен қайсар аналарымыздың арқасы. Ендеше солардың ерліктерін ұмытпай, кейінгіге ұлықтау біздің басты борышымыз!

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, мінеки, 71жыл толды! Біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Ұлы Отан соғысына қатысқан ержүрек те, батыл аталарымыз бен апаларымыз: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигельдинов, Төлеген Тоқтаров біздің жерімізді, елімізді басқыншы жаудан қорғап қалған. Осы Алматының көптеген саябақтарында, көшелерінде олардың ескерткіштері қойылған. 1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс қаншама жанның өмірін қиды, қаншама отбасы ер жігіттерінен айырылып, қара жамылды. Сол соғыс қаншама бүлдіршінді жетім қалдырды? Елді жоқшылық, аштық жайлады. Тылда еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін тынбай еңбектенді. Олар майдандағы солдаттарды өз қамқорлығына алды. Соғыс адамзат баласын біріктірді. Олар бейбіт өмір үшін қасық қаны қалғанша күресті

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Бұл қан майданға қазақ топырағынан бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер аттанған. Олардың көбісі сол алапат соғыс алаңында қаза болды. Сонымен қатар, аттары аңызға айналған жаңа тұлғалар тарих бетінде өздерінің ерліктерімен аттарын алтын әріппен жазып қалдырды. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова. Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Бірақ бәрібір Берлингтегі Рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан

шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар. **Ұлы Отан соғысы...** Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді **соғыстың** алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Неменеңе жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, - деп ақиық ақын Мұқағали тебіренген. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды? Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елді мекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар – біздің мақтанышымыз! Ыстық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Бауыржан Момышұлы-Ұлы Отан соғысының басынан кіріп, аяғынан шыққан, ерлігі елдің есінен кетпейтін талантты да қаһарман қолбасшы. Ол жауынгерлерімен бірге соғыста шынықты, соғыста шыңдалды, соғыста өсті. Қолбасшының қоластында қаһарман қазақ аз болған жоқ. Солардың көбі тәуелсіздігі жолында қанын төгіп, жанын берді. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Олардың біразы 1941жылы Брест гарнизонында қызмет етіп, кейін тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағындағы өзге елдердегідей қазақтар да бірінші күннен соғысқа қатысты. Отан соғысы шындығы белгілі кезеңдегі адамзат қоғамының сипатын, мемлекеттік билеу болмысын барынша шынайы көрсеткен, көрсететін айрықша сұрапыл шындықтардың қатарына жатады, Оны көзімен көрген, басынан өткерген, қаны мен терін төккен, от пен оқтың ортасында қан кешкен ұрпақтан артық білетін жанды табу қиын. Сондықтан өзегіне соғыстың сұрапыл шындығын арқау еткен шынайы шығарма жазуға екінің бірінің тәуекелі жете бермейді. Отан соғысы оқиғаларының қазақ әдебиетінде үлкен эпикалық көлемде көрініс табуына, негізінде, майдангер жазушылардың сіңірген еңбегі зор. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанға, атамекенге деген сағыныш, ерлік, батырлыққа арналған өлеңдер басылым беттерінде жиі жарық көріп жүрді. Баубек Бұлқышевтың 1942 жылы «Комсомольская правда» газетінің 1 май күнгі номерінде «Өмір мен өлім туралы» деген әңгімесі жарияланды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңісіне 71 жыл толуына орай еліміздің әрбір жерінде әртүрлі іс-шаралар, мерекелік кештер өткізілуде. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалуда. Әрине, олардың орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанның анасындай сүйі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін! Еліміздің көк аспанында бейбітшілік, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей

Умиртай Жасулан

8 сынып, М.Хәкімжанова атындағы №20 орта мектеп
Қостанай қаласы
Жетекші Камалова Толкын Мураткалиевна

Атам менің – ер жүрек, майдангерім

Атам менің - абыройым, мақтанышым,
Атам менің – сән құрар салтанатым.
Атам менің – ер жүрек, майдангерім,
Атам менің – асылым, ардагерім.
Авторы өзім

Елімнің бұрынғы өмірі қандай болды, қазіргі өмірі қандай деген сұрақтар мені үнемі толғандырады. Елімнің бұрынғы бастан өткізген жан түршігерлік өмірін естен шығару мүмкін емес, бірақ кейбіреулер ұмытқан сияқты. Мен ешқашан ұмытпаймын. Өйткені сол кезеңді менің атам басынан өткерді. Атам үнемі сол кезең туралы айтқанда құйқа шашым шымырлап, үстіме біреу мұздай су құйып жібергендей күй кешемін. Ойым сан жаққа жүгіреді. Сол бір «соғыс» деген сұмбайыны қаншама адамның өмірін алды, қаншасының өміріне балта шапты, қаншасын зар жылатты. Аталарымыз, аға – апаларымыз қан төгіп, өмірлерін құрбан етті. Соғыс ешкімге аяушылық танытпады. Соның бәрі не үшін? Яғни келешек ұрпақтың бейбіт өмірі үшін, біздер үшін.

Менің атам 1924 жылы 5 мамырда киелі Торғай өңіріндегі Қошалақ деген жерде өмірге келген. Әкесі Камал атам екі жасқа толғанда қайтыс болған. Анасы екеуі әкесінің інісі Мейрам отбасымен бірге тұрған. Қиыншылықты көп көрген. Ашаршылықты бастарынан өткізген. Соғыс басталғанда менің атам не бары он жеті жаста болған. Өз еркімен сұранып, елімізді жаудан қорғауға аттанған. Бір – екі ай «Катюшамен» қалай соғысу керектігін оқып, майдан шебінен бірақ шыққан. Катюшаның құрылымы, қалай жұмыс істейтіні тек оқыған атам сияқты солдаттар ғана білген. Олар майдан шебінде жүргенде капитанының бір ғана айтқан сөзі көкейлерінде болды. Ол- «Катюша» ешқашан жаудың қолына түспеу керек. Егер де жаудың қоршауында қалса, жарып жіберу керек. Сұрапыл соғыс кезінде атам бірнеше майдангерлермен қоршауға түскен. Сол кезде қасындағы солдаттар қаза тауып, атам және тағы бір майдангер ғана тірі қалған. Жақындап қалған жауларды көрген атам мен досы Катюшаны жарып жіберіп, фашистердің басын көтертпей қырып салған. Осы ерлігі үшін «Қаһармандығы үшін» орденімен марапатталған. Атамның орден, медалдары өте көп. Барлығы да Отанды қорғаудағы ерлігі үшін. Атам сұрапыл соғыста талай жауынгерлерінің өмірін аман сақтап қалған. Ешқашан майдангерлерін жау қолында қалдырмаған. Соңғы демі қалғанша айқасқан.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Атамның соғыста жүргенде бауыры Қаңтарбайға жазған мына хаты қолыма түсті. Жазған хатының бір сөзін де өзгертпей жазып отырмын.

Кавнадан сәлем.

Қаңтарбай бауырым, аман – сау жүрсің бе? Әжем (анасы) қалай жақсы ма? Мені ойлап уайымдамасын. Енді құдайға шүкір қорқыныш жоқ деуге болады. Себебі фашистер Катюшадан әйдік қорқады. Бұрын да жазып едім ғой. Өздеріңді де әскерге шақырамыз деп жатқан. Шоқан, Мирамдар қалай, ауырмай жүр ме? Семейдағы бала – шағалар аман ба? Үкіжан қалай? Оның Зибасы берік өсіп келе жатқан шығар? Жалпы ауыл – аймақ аман ба? Елге жаралы оралғандар бар ма?

Біздің де арманымыз он екі мүшенің біреуін берсек те, елге аман- есен оралу. Әрине ол бір Алланың қолында.

Ал өзім аман – есен жүріп жатырмын. Жағдай жақсы. Тек соғысқа залп беруге «огневой козinya» барғанда қайта аман сау оралып, бір – бірімізді көреміз бе? Аттанарда адресімізді аламыз ғой. Артподготовканы аяқтаған соң, жаяу әскерлерді сопровождавать етіп, олар немістің шебін басып алған соң, қайта палатка құрған тылымызға қайта оралып, бірімізді – біріміз құшақтап көреміз. Міне, бүгін жеңіс тойының бастамасы басталды. Немістердің Шаулай деген қаласын басып алып келсек, капитан Мончак, «Жігіттер, Жеңіс тойының бастамасын тойлайық», - деді.

-Барлық Совет жауынгерлері неміс фашистерінен жерімізді түгел тазартты. Біздің генерал солай хабарлады. Кауна қаласына жауынгерлерді алып келіңдер, бізде тойды бастайық,-деді. Сөйтіп, жеңіс бастамасын тойладық.

Сонымен, Алла қаласа бізге сеніп отырған халық сенімінен шығып, жеңіспен елге оралсақ деген ойдамыз. Кездескенше күн нұрлы болсын деп өзіңмен қоштасамын.

Әжемнің бетінен сүй.

Сәлеммен ағаң Мұратқали

27.10.1944 жыл.

1945 жылы соғыс аяқталып, жеңіске қол жеткізген шақты, атамдарды Қытай, Пруссия соғысына жіберген. Атам бұл соғыста да өзінің қайсарлығымен, батылдығымен, отаншылдығымен көзге түскен. Бұл соғыста да ержүректігі үшін ордендермен марапатталған. Жеңіске қол жеткеннен кейін Отан алдындағы борышын екі жыл атқарып, 1947 жылы аман – есен туған жеріне оралған. Келгеннен мектептегі оқуын тәмамдаған.

1948 жылы әжем Базармен шаңырақ көтерген. Атам елдің дамуына өз үлесін аямады. Әкім, директор парторг тағы басқа қызметтер атқарған. Кооператив саласында басшы болып отыз жылдан артық еңбек етіп, зинеткерлікке шыққан. Жасының ұлғайғанына қарамастан сауда саласында

басшы болып жүріп, Қостанай қаласындағы әлеуметтік – техникалық техникумды (сол кездегі атауы) оқып, диплом алған.

Менің атам өте сауатты адам. Зинеткерлікке шыққаннан кейін жай отырмады. Қазақтан шыққан тұңғыш журналист қыз Назипа Құлжанова есімін жарыққа шығаруға көп ізденді. Назипа – арғы атасы Құлжаннан туған Нұрғали деген баласының зайыбы. Назипа, Нұрғали Құлжановтар кезінде Семейде болып, Абай атамыздан дәріс алған Торғайдың қос қарлығаштары. Ахмет, Мыржақып, Сәкен, Бейімбет сынды қазақтың сөнбес жұлдыздарымен замандас, қаламдас болған жандар. Абай атамыз қайтыс болғанына он жыл болғанда ең бірінші қазақ, орыс тілінде тұңғыш баяндама жасаған осы біздің Назипа апамыз.

Атамның ізденген еңбегі еш зая болмады. Елбасымыздың шешімімен Арқалық қаласындағы педагогикалық колледжге және сол қаладағы бір көшеге Назипа Құлжанованың есімі берілді.

Атам бірнеше дүркін Абай атамыздың туған жері Семей қаласына барды. Онда Абай атамыздың мұражайында, туған жеріне, қабір басында да болған. Абай мұражайының бір бұрышы осы біздің атамыз бен әжеміз Назипа, Нұрғали Құлжановтарға арналған. Бұл мұражайда Абай атамыздың шөбересі қызмет істейді. Семейдегі Абай мұражайының Абай атамыздың шөбересі бастаған бір топ қызметкерлері іс- сапармен Арқалық қаласына келіп, атамның үйінде қонақ болған.

Атам үшін мақтанамын. Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында Астана қаласында өткен салтанатты шеруге Қостанай облысынан менің атам барды. Атам көп оқыды, ізденді. Тоқсан жасқа толғанда атам «Тегінді таны, ұрпағым» деген кітап жазып шығарды.

Айтыңыздаршы, осыншама жасқа келіп, кім кітап жазды?

2014 жылы 9 мамыр – жеңіс күні Арқалық қаласында осы кітабының тұсаукесері және тоқсан жасқа толу туған күні аталып өтті. Семей, Алматы, Астана, Ақтөбе, Қостанай қалаларынан көптеген қонақтар, соның ішінде ақын Серік Тұрғынбеков, депутат Рамазан Сарпбеков, Абайдың шөбересі, көптеген жергілікті ақын – жазушылар болды.

Бір өкінішті жай, әжем Базар 2011 жылы, атам Мұратқали биыл 15 қаңтарда фәнилік болды. Әжем мен атам мені көп еркелететін. Әжем мен атамның орны әлі күнге дейін ойсырап тұр. Ол кісілерді ойласам, көкірегім сыздайды, жүрегім қан жылайды. Әр бейнелері, еркелетіп айтқан сөздері әлі күнге дейін көз алдымда.

Міне, менің атам Мұратқали Камалов 91 жас ғұмыр кешті, атындағы кейінгі ұрпағына өшпес-өлмес мұра қалдырды. Маған неге мақтанбасқа.

Қазір тәуелсіздігімізді алып, егемендікке қол жеткізген шағымызда санаулақ қалған ардагерлерімізді құрметтеп, алақанға салып жүрсек те, артық емес.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Тәуелсіздігімізге қол жетуіне бірден – бір үлес қосқан, осы ардагерлеріміз. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

Атамның жеңісі – бұл барлық қазақ деп жүрегі соғатын ұлттың жеңісі, менің жеңісім! Ардагерлерімізді ардақтайық, халайық!

Шериева Жулдызай

8 сынып, Өлеңді орта мектебі,
Қостанай облысы, Науырзым ауданы
Жетекшісі: Турмагамбетова Гульсум Сабыровна

Ерлер есімі ешқашан ұмытылмайды.

Отанын сүйген отқа жанбайды,
Суға батпайды

Міне, биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл толады. Еліміз бұл күнді атап өтетіні белгілі. Қан майданда біздің қаншама батырларымыз қаза тапты. Біз бұл жеңіске онайлықпен жеткен жоқпыз.

Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап, жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Салқыны сан жылдарға созылған, сол бір сұрапыл соғыстың жаңғырығы – мәңгі жадымызда. Ел шетіне жау тиген шақта қолына қаруын алып, қан майданға аяқ басқан жауынгерлер қашан да құрметті. От кешіп, оққа кеудесін тосқан сол сарбаздардың ерліктері – бүгінгі бейбіт күннің кепіліндей.

1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан Соғысы социалистік революцияның жеңісін, социалистік Отанды қорғау, прогресшіл адамзатты фашизм апатынан сақтау үшін совет халқының дүние жүзілік фашистік Германияға және оның одақтастарына (Венгрия, Италия, Румыния, Финляндия) қарсы жүргізген әділетті азаттық соғысы, екінші дүние жүзілік соғыстың (1939 – 1945) құрамдас бөлігі.

Ұлы Отан соғысында қарама – қарсы екі қоғамдық жүйе – социализм мен капитализм, олардың идеологиясы бетпе –бет кездесті. Гитлер, оның сыбайластары фашистік соғыс машинасының күшімен совет елін, оның қоғамдық құрылысын құртуды мақсат етті. Фашизм Совет Одағын бөлшектеп, «Осландия» (Белоруссия мен Прибалтика), «Московия» (Россия) (Москва, Тула Ленинград, Горький, Вятка Қазан, Уфа, Пермь) «Украина» (Украина, Россия, Волга өңірі, Воронеж) «Кавказ» (Армения, Азербайжан, Грузия, Солтүстік Кавказ) сияқты отар елдерді құруды жоспарлады. Сонымен қатар фашистер Советтік Азия жерінде «Түркістан», «Еділ – Орал» деген буржуазиялық қуыршақ мұсылман мемлекеттерін құруды көздеді. Фашистер Россияның кең – байтақ территориясын мекендейтін халықтар арасында алауыздықпен жік туғызуға тырысты. Совет мемлекетін құртып жіберу, онда отаршылдық езгі орнату – Герман фашизмінің бүкіл дүние жүзін жаулап,

үстемдік жүргізуге бағытталған стратегиялық жоспарының құрамдас бөлігі еді. АҚШ – тың агрессияшыл топтары Германияның соғыс өнеркәсібін дамытуға ат салысты, агрессиялық жоспарларын қолдап қуаттады, фашизмді совет еліне қарсы соғысқа итермеледі.

Міне, осындай дүние жүзілік империализмнің сыбайластық жағдайында Советтік Россияны күйрету жоспары жасалды. Гитлерлік Германия Совет мемлекетінің тәуелсіздігіне, оның халықтарының бостандығына қатерлі қауіп төндірді. Фашистік Германияның 3700 танк, 5000 самолет, 472600 зеңбірек және минометтермен қаруланған 5,5 миллион әскері бар, 190 дивизиядан құрылған жойқын күші 1941ж 22-ші маусымда таңғы сағат 4-те дайын болды. Соғыстың төрт жылы аралығында Қазақстан майданға бір миллион екі мың адам еңбек адам армиясымен арнаулы құрылыс бөлімдеріне шақырылды. Бұл аз ба? Көп пе?

1939 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша Қазақстанда 6,2 миллион адам өмір сүрген. Тіпті соғыс жүріп жатқан аймақтардан республикаға көшіріліп әкелінген және қуғын – сүргінге ұшыраған 1,5 миллион адамдарды қосып есептегенде, біздің еліміз үшін соғысқа адам алу пайызы өте көп... Қазақстандық төрт батыр, ұшқыштар Т.Бигелдинов, Л.И.Беда, И.Ф.Павлов пен С.Д.Луганский Кеңес Одағының Батыры Алтын жұлдызымен екі мәрте марапатталды. Батырлар қатарында қазақтың қаһарман қыздары пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұлова да бар. Олар бүкіл қазақ әйелдерінің жарық жұлдыздарына айналды. Батыр қыздардың екеуі де жаумен айкаста қан майданда қаза тапты. Соғыс қарсаңындағы жылдарда ел басшылығы жол берген қателіктердің салдарынан соғыстың алғашқы кезеңінде гитлершіл басқыншылар КСРО аумағының бірталай бөлігін жаулап алды. Молдова, Беларусь Балтық жағалауы республикалары, РКФСР – дың бірқатар облыстары мен аудандары уақытша жау қолында қалды.

Біздің ауылдан да қаншама ардагерлер соғысқа қатысып, ерен ерлікпен қаза тапты. Олар қайтыс болды, арттарында қалған балалары мен жұбайлары қалды. Біз әжелерімізді әр 9-ыншы мамыр күні мерекеге арналған концерт көруге шақырамыз. Әжелеріміз бізге соғыста не болғанын, қандай қиыншылықтарды бастарынан кешкендерін барлығын айтып береді. Әрине, естіп білгендерін, көргендерін ғана айтады. Қазіргі таңда, соғысқа қатысқан ардагерлеріміз жоқтың қасы. Олардың көздері тірі кезінде біз оларға алғысымызды айтып, құрметтеу керекпіз. Біз оларға мәңгі қарыздармыз. Осындай тату, бейбіт елде тұрып жатқанымыз осы ардагер аталарымыз бен аға – апаларымыздың арқасы. Бейбітшілік өмірде сүріп жатқан біз бақыттымыз.

Қорытындылай келе, осындай соғыста біздің қаншама қазақ жастарымыз ерлікпен қаза болды. Біз оларды жылда 9 мамырда еске алып, тағзым етіп, алауға гүл апарып қоямыз. «Отан оттан да ыстық» - деген осы. Олар қаза болғанымен, олардың аттары ешқашан өшпейді, мәңгі жадымызда сақталады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Сондықтан біз ешқашан «соғыс» деген сөзді естімей, соғысты көрмейміз деген ойдамыз.

Әрдайым тыныштықта өмір сүрейік! Ешқашан соғыс болмасын! Бүгінгі таңда Қазақстанды әлем тануда. Жаңа дүние жаңа қоғамға бет бұрды. Елбасымыз Нұрағаның нұрлы жолымен болашаққа нық басайық!